


ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

А л м а т ы — 1961

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



Датырлар жыры

ЕКІНШІ ТОМ



Оқушы жұртшылыққа ұсынылып отырған осы кітап 1959 жылы шыққан «Батырлар жырының» жалғасы болғандықтан, «Батырлар жырының» екінші томы деп аталды. Кітапқа Ер Қосай, Қарабек, Дотан, Аркалық, Төрехан, Ақжонасұлы ер Кенес, Манашыұлы Тұяқбай атты жырлар енді, бұл жырлар жайында кітап соңында түсініктер берілді. Аталған жырлар бұрын баспа жүзін көрмегендіктен оқушы жұртшылыққа түсінікті болу үшін кіріспе мақала жазылды.

Құрастырғандар:
филология ғылымының кандидаттары — М. Ф. Ғұмарова,
О. А. Нұрмағамбетова, Б. Уахатов.

Суреттерін салған Е. Сидоркин



Кіріспе

Қ

азақ халқының басынан өткен әралуан жайды аңғарта-тын үлкенді-кішілі эпостық жырлар көп. Халық оларды жадында сақтап, жаттап келген. Бұл жырлардың қайсыбірінде халықтың ерте замандағы өмір тұрмысы, тіршілігі суреттелсе, кейбіреулерінде өз елін сыртқы жаулардан, басқыншылардан қорғау, әділеттік іздеу мотивтері басым келеді. Бұл тақырыптағы шығармалар қазақша «Батырлар жыры», орысша «Героический эпос» деп аталып жүр.

Қазақ арасына көп тараған «Қобланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар» секілді батырлық жырлармен бірге «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Айман — Шолпан» тәрізді тұрмыс-салт жырлары 1958—59 жылдары жеке кітап болып орысша, қазақша екі тілде басылып шықты. Сөйтсе де Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында батырлық жырлардың баспа бетін көрмеген әлі де мол үлгілері бар. Біз солардың ішінен «Ер Қосай», «Қарабек батыр», «Дотан батыр», «Арқалық батыр», «Төрехан батыр», «Ақжонасұлы ер Кенес», «Манашыұлы Тұяқбай» жырларын іріктеп алып отырмыз.

Жинаққа кірген батырлар жырын, шамамен алғанда, мына секілді үш салаға бөлуге болады:

1. XVI—XVII ғасырларда жонғар феодалдарының қазақ жерін тартып алу мақсатымен жүргізген шабуылдарына байланысты туған жырлар. Бұған «Ер Қосай», «Қарабек батыр», «Төрехан батыр» және Мұрын жыраудан жазылып алынған «Манашыұлы Тұяқбай», «Ақжонасұлы ер Кенес» атты жырлар жатады.

2. Бір рудың ішіндегі хан мен қара, бай мен кедей арасындағы таласты көрсететін жырлар бар. Бұл топқа «Арқалық батыр» жырын қосуға болады.

Бұл топтағы жырларда әлеуметтік теңсіздік, тап пен тап арасындағы қайшылық, бақастық айқын көріне бастайды. Ру ішіндегі ірі феодалдардың кедейлерге көрсеткен қиянатына қарсы күрес сол тұста шыққан жырлардың басты тақырыбына айналады. Бұл тақырып кейде шет ел басқыншыларының шабуылына қарсы күреспен ұштастырылады. Бұрынғы жырларда сыртқы жауларға қарсы көбінесе сол елдің ханы, биі, байы өз руының батырымен бірігіп күресетін болса, енді сол хан, би, байлар шет ел басқыншыларының хан, би, байларымен бірігіп өз халқын тонайтын болады. Сондықтан бұл топтағы жырлардағы батырлар үнемі ішкі, сыртқы жаумен бірдей беттесіп, белдесіп отырады.

Бұл жырлардағы батырлардың «қора толған қойы, тоғай толған жылқысы» — жоқ, кедейден шыққан ел намыскері болып бейнеленеді. Батырға жау елінің езгісінде жүрген кедей жігіт, немесе туысынан қорлық көріп, теңіне қосыла алмаған қыз көмек етеді. Бұл күйлер жырдың сюжеттік желісін бұрынғыдан да шиеленістіріп, тартыс түйінін қоюлатып отыратыны анық.

3. Халық арасында көп айтылатын ескі аңыз, ертегілердің желісіне құрылған жырлар. Бұған «Дотан батыр» жыры мысал бола алады.

Бұл шығармаларда батырлар жырының, тұрмыс-салт жырының, қиял-ғажайып ертегілерінің әр түрлері қосылып, құранды сюжет жасалады. Олар тек қызық әңгімені айтып қана қоймайды, елін қорғайтын ер, батыр ұл болу тілегін білдіреді. Сондықтан да мұндай жырларда ерлікті, батырлықты дәріптеу басым келеді.

Сөз болғалы отырған батырлар жырында халық қадірлейтін адамгершілік қасиеттер кең түрде суреттелген. Бұл сипаттар жыр қаһарманының ішкі сырын, іс-әрекетін, мінез-құлқын мол танытады.

Батыр қашан да жауына қатал, қажымас ер, еліне мейірімді, сөзіне ісі сай, ар-намысқа берік, ерекше мінез, өнегелі ісі бар адам болып бейнеленеді.

Жинаққа ұсынылып отырған «Ер Қосай» жырында қалмақтар өлтірген Қосайдың әкесі Ер Бөкше мен оның алты ағасының жайы айтылып, әңгіме болады. Ата кегін алып, жау әкеткен жылқысын қайтару үшін Ер Қосай жауға аттанады. Жолда Токтаболаттың өзін өлтіріп, ат-қаруын Қодарға алып береді. Бұлар еліне қайтып келе жатып отыз ауыл Орақтың, алпыс ауыл Мамайдың елін Қараман деген қалмақтың шауып әкеткенін естиді. Қодармен бірігіп Қараманды да женеді.

Өзге жырларға қарағанда бұл жырдың бір өзгешелігі бар. Мұнда Қосай образы мен төменгі таптың өкілі Қодар образы қатар алынған. Қосай мен Қодар бір-біріне қолдан келер көмегін аямайтын анық адал дос есебінде суреттеледі. Жырдың негізгі жаналығы да осында. Бұл халық тілегінен туған жаңа идея. Мұндай достық идеясы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырында ғана кездеседі. Бірақ Қозы мен Айбастың достығы жырда онша айқын аңғарылмайды. Ал, бұл жырда Қосай мен Қодар екеуінің достығы мәңгілік достық болып сипатталады.

Жинаққа қосылған «Қарабек батыр» жыры екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде: қалмақ батыры Қараман мен Қарабектің соғысы, екінші бөлімде: Қарабек жауға кеткенде, оның ата-анасына, туған-туыскандарына қорлық көрсеткен Қодардың озбырлық әрекеті айтылады.

Қарабек Қодар иемденген өзінің еліне барып, ешкімге танытпай, тазша болып жүреді. Қарабектің ата-анасының, қарындасы Қаншаның халі «Алпамыс» жырындағы Алпамыстың ата-анасы, сүйген жарының көрген қиыншылықтарына ұқсайды. Жырда Қарабектің қарындасы Ханбибінің елін сатып, жау жағына шығып, адамгершілік қасиетін жойған қылықтары да қатты сыналады.

Ханбибінің образы жағымсыз образ. «Бір анадан ала да, құла да туады» дегендей, Қарабек «елім, халқым» деп туған нағыз ақ жүрек батыр болып бейнеленсе, Ханбибі қара басының қамын ойлайтын опасыз адам болып суреттеледі.

Жырдың негізгі тақырыбы — шет ел басқыншыларынан өз елін қорғау, сонымен бірге «жау жағадан алғанда, бөрі етекпен алады» дегендей өз ағайындарының ішіндегі алауыздықтарын көрсетеді.

Жинаққа қосылған «Дотан батырдың» мазмұны ертегіден алынған. Негізгі идеясы — батырлықты, батылдықты, төзімділікті үлгі етіп жырлайды. Бұл жырдың мазмұнына ертегілік сюжетпен бірге қазақ эпосы-

ның ежелгі тақырыбы — қалмақ зорлықшыларына қарсы күрес те қосылған.

Дотан батыр Шынтемір ханның қызы Күнікей сұлуды іздеп барғанда, «Күнікейді берсең қолыңнан, бермесен жолыңнан алам» — деп жатқан Жазира деген қалмақ ханымен кездеседі. Жазирамен жекпе-жек күресте Дотан жеңіп, оның басын кесіп алып Шынтемірге әкеліп береді. Дотан ертегі дәстүрінде суреттелген зұлым күш — мыстан кемпірді де, эпоста кездесетін зорлықшыл хан Жазираны, Қалданды да жеңеді.

Бұл жырда — Алып күш Дәу, Саққұлақ, Көзбайлаушы, Тыңтындағыш, Желаяқ уәдесіз Шынтемір ханға қарсы күресте Дотан ерге жәрдем берушілер. Дотан соларға арқа сүйеп, ақылдаса отырып жауын жеңіп, мұратына жетеді.

Жырда жауыздық пен ізгіліктің таласы, ізгілік күштің басымдылығы, оның қашанда жеңетіндігі әңгіме болады.

Жинаққа қосылған «Арқалық батыр» жырында елім деп еңіреп тұрған Арқалықтың батырлық тұлғасы бейнеленген. Бұл жырда XIX ғасырдағы қанаушы мен қаналушы таптың арасындағы әлеуметтік жік өте айқын сипатталады. Арқалықтың әкесі Бөрібай жалғыз сиыры бар, егін егіп күн өткерген кедей шаруа. Арқалықтың жолдастары Жұбай, Шатай, Тұяқ, Ситан деген жігіттер де келейлер. Осы бесеуі қалмақтар айдап кеткен малдарын қайтарып алуға барып, жүз жылқы айдап әкеледі. Жылқы ішіндегі Қөкшұбар тұлпарды бермеді деп ел билеген Әжі төре Арқалыққа алпыс қамшы дүре соқтырады. Арқалықты қалмақтан келген қуғыншыларға ұстап береді. Мұнда келген соң Арқалық өз елінің ханынан қорлық көрген қалмақ батырлары Қарамерген, Қоңқамен дос болады. Ақыры бұл екеуі Әже төре мен Ежен ханды жеңіп, елге тыныштық орнатады. Арқалықтың жақын дос, жанашыр серігі Жұбай образы да кең бейнеленген. Арттарынан жау қуып келіп қалғанда Жұбай: «Сен тірі болсаң кек аларсың, жаудың жолын бөгеуге мен-ақ қалайын, кете бер» — дейді Арқалыққа. Қалмақ батыры Қарамерген өзінің басына төнген қауіп-қатерге қарамастан, Арқалықты тұтқыннан босатуға әрекет етеді.

Бұл жырды бір кезде Қазақстанның атақты ақындары Иса Байзақов, одан үйреніп Саяділ Керімбеков те жырлады деген мәліметтер бар, бірақ олардың айтқан нұсқалары қолымызда жоқ.

Арқалық батыр кейбір деректерге қарағанда XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген батыр екендігі мәлім. Бірақ жырда баяндалатын батыр образы тарихта болған Арқалықтың іс-әрекетінен әлдеқайда кең. Сондықтан Арқалық бейнесі тарихи жеке адамның іс-әрекетінен гөрі әдеби кейіпкер ретінде суреттелген. Мұнан жыр о баста тарихи адамның атына байланысты туып, бара-бара эпосқа ай-

налып, өзінің алғашқы мазмұнынан әлдеқайда өзгеріп, өңделген жайын танытады.

Кітапқа кірген «Төрехан батыр» жыры да халықтың ғасырлар бойғы асыл арман-тілегінен туған шығарма. Мұндағы айтылар ой — әділетсіздікті, зұлымдықты сынап, ерлік пен ізгілікті дәріптеу болып табылады.

Жырдағы Төрехан мен Ханбибі, Сәуле мен Қарашаш — жағымды кейіпкерлер де, Егізбай мен Сегізбай — жағымсыз кейіпкерлер. Солардың ішінен Сәуле мен Қарашашты айрықша атап өткен жөн. Жырдың өң бойында Қарашаш пен Сәуле ақылды ана ретінде суреттеледі. Қарашаш күндесі Сәуледен туған Төреханды өз балалары Егізбай мен Сегізбайдан артық көреді. Егізбай мен Сегізбай хан сайланған інісі Төреханды өлтірмек болып, аттанып бара жатқанда артынан анасы Қарашаш қуып келіп: «Таласқаның тақ болса, Төреден сұрап алайын, бауырыңды өлтірме», — деп өтінеді. Бұған Егізбай мен Сегізбай ашуланып, өзін тапқан шешесінің шашынан алып шыңғыртып, қамшылап қуып сабайды. Қарашаш бір қайыңсын тауып алып: Төрехан қапыда қалмасын деп, күндесі Сәулеге хабар салады. Сөйтіп, ақылды ананың көмегімен Төрехан өлімнен аман қалады.

Осы секілді Төреханның қарындасы Ханбибі мен Қараманның қызы Маржан — қайырымды, ақылды, адал дос адамдар ретінде бейнеленген. Төрехан өзінің қарға жүнді қара аты мен қарындасы Ханбибіні ұрлап, Қараман еліне қашып кеткен Егізбай мен Сегізбайды қуып келіп, соғыс салады. Сонда Маржан қыз Төреханды тоқтатып, ақылдығымен екі елдің арасын жарастырады.

Ал, жыр ішіндегі жағымсыз образдардың зұлымдық әрекеттері өз алдына бір әңгіме. Мұндағы Егізбай мен Сегізбайдың залымдығы мен қоян жүрек қорқақтығы, қайырымсыздығы мен қаныпезер қаскөйлігі — оқушыны үнемі жирендіріп отырады. Қысқасы, «Төрехан» жыры бізге осындай қымбат қасиеттерімен қадірлі.

Атақты Мұрын жыраудан жазылып алынған жырларға тоқталмас бұрын, сол көп жырларды жадына сақтап жаттап келген Мұрынның өзі кім? деген сұраққа жауап берелік.

Мұрын Сенгірбаев (шын аты Тілеген) 1860 жылы 15 январьда қазіргі Гурьев облысы, Маңғыстау ауданында туып өскен, руы Адай. Әкесі Сенгірбай, ағасы Төлеген және Мұрынның өзі де — зергер-ұсташы болған. Сенгірбай күміс ақша, білезіктермен қатар найза, қылыш, жеке ауызды мылтық та соққан.

Мұрын 18 жасынан бастап домбыра тартып, ән айтқан, әрі жыршы болған. Адай елінің атақты жыршыларының бірі Мәулемберді Үдербай баласымен кездесіп Қарақалпақ жеріндегі Көне шаһарына барады, Қарақалпақтағы Қарыз жыршымен ұшырасады. Ол шаһарда он екі жыл

ұрады, ондағы жыршылардан көп жырлар үйренеді. Бұдан кейін Мұрын Сағыздың Топырақ шашы деген жеріне келіп, атақты Нұрым Жаршығұлұлымен кездеседі. Мұрын: «Мен Нұрымды отыз екі жасымда көрдім, ол алпыс бір жаста еді, мені көріп: «Балам, өлең қуалап жүрсің бе?» — дегенде өлеңмен жауап қайтардым:

«...Мекенімді сұрасаң —
Бозашы деген түбекте,
Иткелді судың басы еді
Осы бағыт жөніміз.
Ағаның естіп дабысын
Сәлем беріп қайтуға
Сонан іздеп келеміз.
Сол Адайдың ішінде
Руым — Келімберді еді;
Аты-жөнім сұрасаң —
Сеңгірбайұлы Мұрын-ды.
Көрейін деп мен келдім
Көрмеген бұрын түрінді.
Өлең жолын қудым мен
Бұл он сегіз жасымнан,
Домбыра қолға алған соң,
Оңға бұрып салған соң,
Кеткен жоқ жақсы қасымнан.
Сөз алуға келемін,
Айлық жолдан мен іздеп,
Өздеріндей жақсы — асылдан.
Мен тап болдым аға-еке
Қалпақты — қырғыз жыршыға,
Бөгендегі — Қалымға,
Бәлидегі — Бегімге,
Өзімнен бәрі аса алмай
Ойладым сізге баруға
«Қырымның батыр» ерлерін
Сұрап сізден алуға,
Ерді деп бес жыл есіттім
Асылы туған Нұреке
Адайдағы ақын Абылға»,—

«...»¹

Жыршының өз айтуынан 1942 жылы жазылып алынған бұл өлеңде

¹ М. Сеңгірбаев. Папка 83.

Мұрынның ата-тегі, мекені, кімдермен кездескені туралы өмір дерегі дерлік мәліметтер жатыр. Сондықтан ол өлең толық келтірілді.

Нұрым Мұрынның бұл сөзін естіген соң: «...Жарайды! бала, өлең соңына ыждиһатпен түскен екенсің, менің соңыма ер, мен саған өлеңнің мән-жайын түсіндірейін, — деді. Оның қасында төрт айдай еріп жүріп. «Қарадөң ұрпақтары» атты жырлардың тобын және тағы да біраз жырларды үйрендім», — дейді Мұрын.

Мұрын жырлаған жырлардан бұл жинаққа «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Манашыұлы Тұяқбай» деген жырлары жіберілді.


Мұрын жырлаған «Ақжонасұлы Ер Кеңес» жырынан да жаумен күресіп, жанқиярлық ерлік көрсеткен қазақ батырларының бейнесі байқалады. Бұл жырдың өзіндік ерекшелігі де бар. Бірталай жырларда жау жағының батыры, көбінесе, қайратсыз, айласыз болып келсе, мұндағы жау батыры — Бағлан тазшаның амал-айласы асыра көрсетіледі. Ал, «Манашыұлы Тұяқбай» жыры Ноғайлы билерінің зұлымдығын әшкерелеу, Манашының үй ішінің зары, бала қайғысы, билерден кек алу, билер балаларының әке кінәсін мойындауы, олардың Тұяқбаймен бірігіп ортақ жауға қарсы күресу сияқты шиеленіскен оқиғалардан тұрады.


Жыршы Ноғайлы билерінің арасындағы алауыздықты көрсете отырып, татулықты дәріптейді. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса», қаптаған қалың жаудың тісі бата алмас еді де, халқын бірлікке шақырады. Оны асыра мадақтайды.

Жалпы бұл жырлардың негізгі идеясы — халықты сыртқы шапқыншылықтардан қорғап, елдің бірлігін, бүтіндігін уағыздау болып келеді.


Асылы батырлар жырының әрқайсысы туралы жеке-жеке зерттеу еңбектер жазып, олардың тақырыптық, идеялық, көркемдік ерекшеліктерін талдап көрсету — алдағы міндеттердің бірі.


М. Ғұмарова





Эр-Қосай





Бұрынғы ноғайлының заманында жеті ағайынды ер болған екен. Ер Бөкше, Нар Бөкше, Әділ Бөкше, Асқар Бөкше деген, алтауы қалмақтың Тақтаболат, Тасболат деген жауынан өлген екен. Ең кішісі Ер Бөкше жалғыз қалған екен, жасы алпысқа келгенде қатыны жүкті болып, бала табады. Ат шаптырып той қылып, баласының атын Қосай қояды, бір күні шал ноғайлыны жинап алып бір-екі ауыз сөз айтты. Шалдың ноғайлыларға сондағы айтқаны:

Қимылдаған тіл мен жақ,
Жетеуім тірі жүргенде
Қаптап еді кәрі аруақ.
Жылап-енреп жүргенде
Жаңа туды шам-шырақ.
Алты ағамның соңынан
Аттанайын деп едім,
Мұның соңын ойлап бақ,—

дейді.

Сонда ноғайлылар айтты: «А, батыр, бұл қанды жол деген бір жаман жол еді, мына қартайғанда көрген жалғыз бала ер жетсін, сабыр ет», — дейді.

Ноғайлылардың сөзіменен шал алты жыл сабыр етеді. Қосай алты жасқа келеді. Сонсын шал ноғайлылардан бес мың қол алып, ол қолды жолға салып жібереді, өзі артынан жетемін

деп, Тобығы менді торы атты ерттеп жатыр еді, алты жасар Қосай әкесінің жауға кететінін біліп, сыртынан жылап жүріп сөйлегені:

— Әркімдер мінеді бір атты
Ат деген ерге қанат-ты,
Ер шырағы сөнбес деп,
Тілер болар зүрриятті,¹
Атадан жақсы ұл туса,
Қылар болар ер бапты.
Жасы алпысқа келгенде
Әкем қайда лақты?
Лакқаның ұятты,
Өзіме бер тор атты,
Мен қылайын қайратты.
Көбіне қос та қоя бер,
Тілеп алған шырақты.
Әкесі сонда сөйледі:
— Олай деме, сұм ұлым,
Бұлай деме, сұм ұлым,
Сенсіз болмас тынымым.
Мен қалмаққа аттансам,
Артымда сенсін тынымым.
Бала деген жас үлде,
Өзің өліп мен қалсам,
Тасқа ұрармын басымды,
Өзім өлсем артымда
Сен берерсін асымды.
Өзің өліп, мен қалсам,
Көре алмаспын елімді.
Хақ жеткізсін кемінді.
Шешкін бұған белінді.
Алты жасар жалғызым,
Артымда қалып барасын,
Жеткізсін алла кемінді,—

деп жүре береді.

¹ Зүрият, жұрағат, тұқым.

Қосай да қалмай жүгіре береді, артында келе жатқан баласын көріп, қайтып қатынына ақырып сөйлейді:

— А, қатыным, қатыным,
Жалғыз ұлдың жоғында,
Құп қу еді жатуым,
Жалғызына жете алмай
Қырқылды ма тақымың?
Байының айтқан бұл сөзі
Бәйбішені қысады,
Ербендеген балаға
Бәйбіше де ұшады.
Бір төбеден асырмай
Аяғын екі бастырмай,
Баланы бара ұстады.
Жүр деп еді, жүрмеді,
Кемпірге теңдік бермеді,
Алпамсадай кемпірді
Арқалап ала жөнелді,
Тұмақ құрлы көрмеді.

Сонда анасын арқалап, келе жатқан Қосайды көріп Ер Бөкше өзінің зайыбына былай дейді:

— А, қатыным, қатыным,
Жалғыз ұлдың даусынан
Он бөлінді ақылым.
Дүниесі құрысын,
Өбейінші алып бер
Қосайжанды алдыма.
Әр бетінен сүйейін.
Жалғыз ұлдың лебімен
Қырық мың жауға тиейін.
Не келермін, келмеспін,
Не көрермін, көрмеспін
Қосайды берші сүйейін.
Жас алпысқа келгенде
Қайратымды түйейін.

Алты ағамның соңынан
Шаһит кебінің киейін,
Әуедегі жұлдызы,
Суда ойнайды құндызы,
Биби, Фатима егіз қыз —
Қосайды соған тапсырдым.
Жер астында оқ жонған,
Шаһизында жас бала,
Қосайды соған тапсырдым...
Жебелі найза қолында,
Бес мың қолдың соңында,
Омырауын аршындап,
Мінген атын қамшылап,
Тораттан аққан кара тер
Жаңбырдай жерге тамшылап,
Жекенді көл, жерлі көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Шегірлі көл, талды көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Қапсағайдың кара тау
Мұнанда өтіп жөнелді.
Енділенің көлінен
Мұнан да өтіп жөнелді.
Мәдиненің шөлінен
Мұнан да өтіп жөнелді.
Ат арыды дегенде,
Ер мойыды дегенде,
Алты ағамның молаға
Кешке келді қонаға.

Сол жерде Ер Бөкше моланың басына түнейді. Алтауының басына алты бие жетектеп барған екен, ағаларына дұға оқып, бір күн сол жерде түнейді. Бұланайдың кара тауы деген бір тау бар еді және Бұлынның бұлағы деген таудың түбінде екі бұлағы бар еді, сол бұлақты «өзім барып көріп келейін» — деп, Ер Бөкшенің қасындағы бес мың қолына айтқаны:

— А, бес мың қол, бес мың қол,
Кім өлмеген жаман жол!
Бұлынның кара бұлағын
Өзім барлап келейін.
Өзім тұрып сендерге
Бара көр деп не дейін?
Жас алпысқа келгенде
Қайратымды шенейін.
Алты ағамның соңынан
Өлсем шаһит болайын! —
Деп Ер Бөкше жөнелді
Бұлайын деген бұлаққа.
Желдей зулап келеді,
Көзін қадап жыраққа.
Ат сулығын алады,
Аты суға қанады.
Аты суға қанған соң,
Айда деген бір дауыс,
Қайда? — деген бір дауыс,
Құлағын жарып барады.
Жасырынып жатқан бұлақта
Төрт карауыл бар еді,
Шауып шығып төбеге,
Шалдың көзі түседі,
Жалтылдаған жебеге.
Көкпен қасқа, көк қасқа,
Жоламан қасқа, жол қасқа,
Бұлар төртеу шал жалғыз,
Қол сілтеді жамбасқа.
Жанындағы зүлфұқар
Сілтесе жан қалмас па?
Суырып алды болатты,
Сілтеген жерін қанатты.
Бірін бірі қуалап,
Айқасады тұра қап.
Ат сауырын қан жуды.

Шалды ортаға алады,
Батыр туған Ер Бөкше
Итмалтауға салады.
Шаруа көздер конысты,
Шалға құдай болысты,
Төртеуі де шала өлді.
Күн сәскеге келгенде,
Көбеңсінген төрт нарды
Бабай түсте қашырды.
Қашқаннан-ақ шок болды,
Тізе қосып жөнелді.
Еркін найза сала алмай,
Омырауға ала алмай,
Біреуін жетіп шала алмай
Ер Бөкше қуып келеді.
Қашып келіп төртеуі,
Көп кәпірге енеді.
Қалың жауды көрген соң,
Шал қайқандап жөнелді.
Бұ да келген құмар-ды,
Жалғыз шалдың сонынан
Үш жүз әскер шығады.
Қалмақ қуып, шал қашып,
Үсті-басын шаң басып,
Ер Бөкше қашып келеді.
Батыр сонда ойланды,
Ойланды да толғанды,
Теріге сыймай долданды:
— Табандап тұрып нетейін,
Ұзаққырап кетейін,
Жүйрік атты озған соң,
Кәрі жыным қозған соң,
Қайтадан келіп орайын.
Құдай маған бақ берсе,
Шырылдатып қырайын.
Осылай деп Ер Бөкше

Лашын құстай шүйілді,
Ақ сұңқардай түйілді,
Қуаты бойға жиылды.
Келе бабай килікті.
Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты,
Қылышы тисе қан ақты,
Ту ішіне ту тастап,
Туын бұрап құлатты.
Далаға шыққан үш жүздің
Екі жүзі өледі.
Енді қалған бір жүзі
Шегіне қайта қашады.
Ер Бөкше тұрып ақырды,
Күреске кел деп шақырды.
Астына мінген кер торы ат
Жер тепкілеп шарқ ұрды.
Бір қайтарды кәпірді,
Атқа мініп желеді,
Көкірегін кенеді.

Өзі тастап кеткен бес мың қолға түн ішінде келіп Ер Бөкше
былай дейді:

— А, бес мың қол, бес мың қол,
Кім өлмеген жаман жол!
Қартайғанда ат шаптым,
Мен бір бөлек мал таптым.
Аламын тегін алсын деп,
Олжа болып қалсын деп,
Түн ішінде лактым.
Мен секілді бабайға
Бес мың коблан ересін.
Ертенгі сәске болғанда
Көп малдарды көресін.
Сөз нәсілін аңдағын

Маңайды түгел барлағын.
Кешеулеп бірін қалмағын,
Қапыда қалып қалмағын,
Шайнасын бәлем бармағын.
Деген соң Бөкше, бес мың қол
Түн ішінде тартты жол.
Әскерін ертіп Ер Бөкше,
Жетіп барса бұлаққа,
Топ дауысы жаңғырап,
Жетіп келді құлаққа.
Арбаға ду-ду үйретіп,
Майлы арбасын сүйретіп,
Азығына нан алып,
Сусынына бал алып,
Зеңбірекке шоқ салып,
Ер Бөкшені көрген соң,
Қалған екен дұшпандар
Бұлақты алып қамалып.

Сонда бес мың қол айтады, бұл бір қашаннан қанды шелек
кәтерлі жау, бізді және шөлдетіп қырайын деп тұр ғой деді.

Сонда Ер Бөкше айтады:

— А, ноғайлым, ноғайлым,
Көкрексінген, ноғайлым,
Көбеңсінген, ноғайлым,
Қайрат қылып, қан татпай,
Шақасып жаумен оқ атпай,
Келгенін жайпап, қиратпай,
Кегінді қалай аласың.
Кек алмасаң жауыңнан
Қапыда өзін қаласың.
Босқа қорықсаң тұра бер,
Жалғыз өзім болсам да,
Өзім-ақ жауға барайын,
Тобына ойран салайын

Садағыма сан кісі,
Мылтығыма мың кісі,
Қылышыма қырық кісі,
Ешкінің жүні ербегім,
Еңреп жүріп көргенім,
Елде қалған Қосайдың
Сыбағасына мың кісі.
Итке салса ыңк еткен,
Нарға салса бүлік еткен,
Шүберектей қуарған;
Айдаһардың қанына,
Жан қалмас деп суарған;
Атаман қалған зүлфұқар,
Бабамнан қалған зүлфұқар,
Қарыс қара жерінде
Қырық мың ердің құны бар.
Жау жағадан алғанда,
Ердің айтар мұңы бар.
Айқасып жаумен қалайын,
Ерлердің кегін алайын.
Сілтемесем маған серт
Шапқаныма шыдамай,
Балдақтан кетсең саған серт,
Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе,
Кесіп алған жерінде,
Қырық ай жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына
Алып едім суарып.
Алты атқа алған адырна¹
Он атқа алған бұхаржа²
Қуысына оқ салып,
Ата алмасам маған серт.

¹ Адырна — садаққа байлайтын қайыс.

² Бұхаржа — Бұхар қаласында жасалған сауыт.

Атқанымашыдамай,
Кірістен кетсең саған серт.
Үстімдегі ақ сауыт,
Ақ кіреуке бек сауыт,
Қылыштың қайқы жүзіне,
Зенбіректің оғына,
Қайда қалың шоғына,
Кәпірдің қалың тобына,
Сүңгімесем маған серт,
Оқ дарытсаң саған серт.
Айқайлап жауға тиеді.
Оң келгенін оң атты,
Сол келгенін сол атты,
Қылыш тисе қан ақты,
Гуілдеген көп қалмақ
Алды-алдына лақты.
Қашқан адам бұғады,
Бұлын деген екі су,
Бірінен қуып шығады.
Жаудың алды тоқтады,
Бір төбеге топталды,
Мылтығын тегіс оқтады.
Жалғыз шалды көрген соң,
Самаладай қаптады.
Еңсейіп барған бабайдың
Аллаға ісі жақпады.

Сонда батыр артына қараса бес мың қол қашып, жаудың тоқтауы-ақ мұң екен, тым-тырақай барады. Мұны көрген Бөкше ызаланып, жауына дүрсе қояды:

Қолына найза салдырмай,
Біреуін жауға қалдырмай,
Түске шейін қорғады.
Күн сәскеге келгенде,
Шаба алмады Торыша ат,

Дулыға сауыт ауырлап.
Ояғынан жау өтті,
Бұяғынан жау өтті,
Көз алдында ноғайды,
Балықтай түйреп ауыртты.
Аты жаман майрылды,
Бес мың қолдан айрылды.
Өз басымен шал кетті,
Алты ағаның молаға
Сайға атын байлады,
Бір қиялды ойлады.
Қалмақ сансыз, бұл жалғыз
Болса да жаудан таймады.
Әр атқанда садағы
Жүз кісіден құлатты.
Бұл сықылды қайратты,
Таймады жаудың табаны,
Топ-топ болып бір мыңнан
Құлайды келіп адамы.
Қолындағы садақтың
Санаулы оғы таусылды.
Атып тұрған мылтықтың
Өлшеулі оғы таусылды.
Өзіне келіп оқ тиді,
Ер Бөкше сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді?
— Аз-ақ қалды қайратым,
Сыйынғаным болатым.
Үстіне мініп қармансам,
Жайың қалай Торы атым?
Тұтап жатқан қалмақтың
Ортасынан дәл тартты,
Топ-топ бөлді, топ бөлді,
Қалмақтың аты бөк болды,
Ол қалмақтың алдында
Пәрмені кетіп шалдың да

Бір шақырым жоқ болды.
 Өзіне оқ тиіпті,
 Сыздатты-ай келіп иықты.
 Шаба алмады торы ат та,
 Таусылып оғы жорықта
 Батыр сонда күйікті.
 Ат үстінде сөйледі,
 Сөйлегенде не дейді?
 — Қарайып кетті иегім,
 Үйден шықпад сүйегім,
 Омыртқамда он жара,
 Отыра алмай келемін.
 Қабырғамда қырық жара,
 Қақыра алмай келемін.
 Жара қатты, жан тәтті.
 Жара аузына қан қатты,
 Шаба алмады Торы аты.
 Алты ағамның барында
 Биік біткен төбе едім,
 Қанды ауызды жебе едім,
 Осыдан тірі ел көрсем,
 Ақсарбайдың Алаукеш,
 Жалғыз балам Қосайға
 Айттырармын деп едім!..
 Шал дүниеден өтеді,
 Астындағы кер торы ат
 Амандасып кетеді.

Алқисса, сонда Қосай әкесінен алты жасында қалып еді. Әкесі кеткелі екі жыл болған екен. Қосай сегіз жасқа келді. Қырық баламен әкесінің жолында асық ойнап еді. Ер Бөкшенің бес мың қолынан жүз кісі қайтып келе жатыр екен, Қосай бала сол адамдардан әкесін сұрайын деп, алдынан шықты. Сонда жүз алам: Мына жетім бізге бір бәле қылайын деп келе жатыр деп, Қосайға қайрылмады. Сонда Қосайдың қасындағы ойнап жатқан қырық балаға айтқаны:

— А, қырық бала, бер кара,
 Ойнаған жерің кен дала,
 Келе жатыр жүз адам,
 Әлпеттері тым жаман.
 Азығы жоқ, тоны жоқ,
 Кеуілінің қошы жоқ,
 Есен болса игі еді,
 Былтырғы кеткен қарт бабам,
 Мойынымды бұрайын,
 Мен әкемді сұрайын,
 Түнеугіде түс көріп,
 Жүр едім шегіп уайым.
 Осы бүгін басымды
 Қандай күйге салады
 Бір жаратқан құдайым.
 Сұрайын деп әкесін,
 Жүз адамға келеді.
 Жүз адам сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүйдеді:
 — Әкеге ерген өледі,
 Және пәле қылуға,
 Қу бас жетіп келеді.
 Қанды шелек қу жетім,
 Тіріде қоспан денемді.
 Алды алдына тарады,
 Қосай сонда ақырды:
 — Токта, токта, жүз қатын,
 Қырқылған шығар қанатым,
 Мұқалған шығар болатым.
 Аузым толы кара қан,
 Білдіретін қай қатын?
 Біреуің маған қайрылмай,
 Бетінде бар ма ұятын?
 Аққа мойным бұрайын,
 Сендерді көзім көрген соң,
 Сұрамай нағып тұрайын?

Біреуін маған келмесең,
Елдігінді ұрайын
Екеу емес, үш емес,
Кіндіктен тудым жалғыз тақ,
Мырзаларға келуім ақ,
Аруақ маған жар болса,
Ұялып жүрме, ей, бейбак.
Жүз кісі сонда кеңесті,
Кенескенде не десті:
«Әкен өлді — деп айт», — деп,
Бір адамды жіберді.
Келген адам сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
— Әкен шығар сұрауын,
Әкен де аман, біз де аман,
Сау келеді қонағың.
Тобығы менді тор атты
Әкең алған әлменен
Жеті тоғыз малменен,
Ат болдыртып келеді,
Өкпе бауыр жалменен.
Алты қырлы ақ жебе
Сынып еді белінен,
Бадана көзді ақ сауыт
Сөгіліп еді жөнінен,
Септете кейін келеді.
Ертең сәске болғанда
Әкен аман келеді.
Жұрт шабуылды салғанда,
Азгантай олжа алғанда,
Біздерге тай тиген-ді,
Тана тиіп әкене
Жүргізе алмай келеді.
Ертең сәске болғанда
Әкен аман келеді.
Сонда Қосай сөйлейді,

Сөйлегенде не дейді:
— Тобылғы менді торы атты,
Әкем алған әлменен,
Жеті тоғыз малменен
Болдыратын мал ма еді?!
Әкен қалды десейші,
Қара кошқыл қанменен,
Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе
Қиып алған жерінде
Қырық ай жатқан қуарып,
Қырық кара нар майына,
Алып еді суарып,
Сынатұғын мүлік пе еді?!
Сайғақ болды десейші,
Жұрт шабуылды салғанда,
Азғана олжа алғанда,
Сендерге тай тигенде,
Тана тиіп әкеме,
Кейін қалар ер ме еді?!
Тана сой да әкене
Ас бере бер десейші,
Келген адам сөйлейді;
Сөйлегенде не дейді:
— Сенің әкен ер Бөкше,
Қырық мың жаудан қорқа ма?
Астындағы Керторы ат
Аяндамай жорта ма?
Нағылғанын білмеймін,
Қалыңда қалды ортада.
Сонда Қосай жылады,
Төбедегі қос айдар
Бірін қоймай жұлады.
Қүн бесінге толғанша,
Бүркеніп басын жылады.
Қүн бесінге толған соң,

Орнынан тұрып ер Қосай
Үйіне жүгіріп келеді,
Шешесіне сөйлейді:
— Сүйінші, әже, сүйінші!
Үйіннің ішін жинашы,
Атқышыл кара мергенің,
Ата, енеңе қайрылмай,
Басыңды қосып ергенің,
Білмейсін нардың келгенің.
Алпысқа келген әкейім
Қыз кіріпті койнына,
Кәрілікті алма мойныңа?
Қызыл ки де қара сал,
Сол лайқат бойыңа.
Шешесі сонда сөйлейді:
— Қара тауда бұлағым,
Байың келді дегенге,
Ербейіп еді құлағым,
Қызылың қызыл, қаран не?
Шошиын дедім, қарағым.
Сонда Қосай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Қара тауда қос бұлақ,
Бауырында екі ылақ,
Байың келді дегенге
Иландың ба сен бейбақ?
Қолдан кеткен сұңқарың,
Есебін тауып жоқтап бақ.
Байың өлді деген соң,
Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Ақ бетіне салады,
Алды қанға толады,
Бүлік ойбай болады.
Қосай қашып жөнелді,
Үш күн жүріп далада,
Қосай келсе үйіне

Жылап отыр шешесі,
Кеуіл қосын айтады.
— Қыналы бармақ, жез тырнақ,
Шығардың беттің майына,
Ойбайласаң отқа түс,
Келтірмес сенің байыңды.
Келтірмесең байыңды,
Бүйтіп алма жайымды.
Күнде етегің толады,
Көзіңнен аққан жасыңа.
Ойбайласаң отқа түс,
Келмейді байың қасыңа.
Әжем, әжем деп келсем,
Әжелігің осы ма?
Бұл ойбайды қоймасаң,
Мен де жауға кетемін,
Отырмаймын қасыңа.

Алкисса, сонда кемпір жылағанын қойды, Қосайға айтты: «Сенің атаң жеті қабланның бірі еді, бұл малдардың ішінде кесірлі малдар бар еді, қарын жазып біреуге бере алмады, я өзiне жұмсап іретiн¹ көре алмады». Қосайға айтты: «Саған билікті бергенім», — деді²...

Ойыма алған сөзімді
Білдірмекке келгенмін,

¹ Рахатын деген мағынада.

² Бұл жерде негізгі қолжазбадан бір бет жоғалған. Мұрын жырау вариантына қарағанда осы бір бет жоғалған қолжазбаның мазмұны мынадай болмақ: Қосай Селме-Селімді (бұл вариантта құлдың аты Қодар емес Селме-Селім) шақырып алып Сарыбайдың (Ақсарыбай) қызы Қарабекті (Аяукеш) айттырып кел деп жібереді. Қызға құда түсе барған Селме-Селімнің (Қодардың) сөзі:

— Ай Сарыбай, Сарыбай,
Елітпекке келгенмін,
Ер мен байдың баласын
Телітпекке келгенмін,—

деген жолдармен басталады. Одан кейінгі жыр тексте бар.

Екі асылдың баласын
Күлдірмекке келгенмін,
Азды-көпті дәулетін
Бүлдірмекке келгенмін;
Піскен түйнек сенде бар,
Алтын кездік менде бар,
Әуестікке қолға алып,
Жардырмаққа келгенмін.
Он қолыңды алтынға
Малдырмаққа келгенмін,
Алеукешті Қосайға
Алдырмаққа келгенмін.
Сонда Ақсарыбай кейіді,
Қарашы құлдың ниетіне,
Байлар қызын берер ме?
Бір қарасыз жетімге?
Тоғыз ұлым, таяқ ұр,
Құлдың дүре көтіне.

Тоғыз ұлы тоғыз бақан алып шығады.

Баканды көзі көрген соң,
Құл тайрақтап қашады.
Бір төбеден өткесін
Камшы есіне түседі,
Талтайып тұра қалады,
Алдыменен келгенін
Тастөбеге салады,
Ол жығылып қалады.
Онан соңғы келгенін
Тастөбеге салады,
О да жығылып қалады.
Тоғыз ұлын тоғыз жерде
Ұрып жығып барады.
Тоғыз ұлдың жатқанын
Байдың көзі көреді.

Үйіне қайта қашады,
Бай құлады үйіне,
Қашып келіп сабылып,
Қуып келді Қодарқұл
Кетсін бермей неқылып,
Мен мойнымды бұрайын,
Және сенен сұрайын,
Бердім де жай тұрайын
«Бермеймін» — деп үндеші,
Сақалыңды жұлайын.

Тоғыз ұл бірдей кирап қалған соң, бай қызының ішігіне кіріп кеткен, сонда қыз әкесінің басын көтеріп сөйлейді:

— Ителгінің баласын
Ит алады деменіз,
Қаршығаның баласын
Қарға алады деменіз.
Жеті атасы нар болса,
Туғаннан құдай жар болса,
Халық аузында бар болса,
Жерде қалар деменіз,
Көбірек айтып шыныңыз,
Құлдан таяқ жеменіз.
Сонда Ақсарыбай тұрып
Қодарға қарап сөйледі:
— Дүние деген ғафіл-ді,
Қиямет жолы жақын-ды,
Қызым тапты ақылды,
Жек көрмеймін батырды.
Пұшығы жоқ, кемі жоқ
Бір мың жетім оған бер,
Бір мың түйе және бер,
Бір мың жылқы және бер,
Үш мың берсең ерге көп
Оған жайың келмесе,

Дінкілдеме жүре бер.
Қодар сонда сөйледі:
— Сенің кеулің тай болса,
Тай алсаң кеулің жай болса,
Малыңды іздеп кетемін,
Табалмасам малыңды
Қызметінді етемін.
Үш мың дегені үш тай,
Үш тайдан қашар болар ма?
Мен секілді сор мандай?
Ақсарыбай берді, біз алдық,
Төсегің сал қораға-ай.

Қодар енді Ер Қосайдың шешесіне келіп сөйлеп тұр...

Халық биледі бұл күнде,
Сыйлады барған құлыңды,
Алмайды жалғыз тайыңды,
Киіндір кемпір ұлыңды.

Сонда бәйбіше: «Өзің не айтып жүрсін. Жұрт мал алмай қыз беретін бе еді», — деді. Сонда Қодар айтады: «Менің қамшымнан қорқып береді, күйеуін ауылына алып барамын» — деді. Кемпірдің айтқанын қылмады, Қосайды киіндіріп арқалап Ақсарыбайдың аулына барады. Байдың тас құдық деген құдығы бар еді, соның басына барып Қодар сөйлеп тұр:

— Аркаласам Ер Қосай,
Аттан жүйрік желемін,
Өзім кәпір, өзім құл
Бірақ тұтам айыбым,
Қарның ашып аш болсаң,
Теніздің қойман жайының,
Мынау ел сенің қайының,
Осы ауылда бар қатының,
Қойып кеткен жерімнен
Қашып кетпе, батырым.

деп, Қосайды құдықтың басына тастап, өзі анадай жерге барып жатады. Байдың екі келіні құдыққа суға келеді, суреті аспанды шалып отырған Қосайды көреді. Балаға зейні ауып кетіп, сөйлеп тұр:

— Біздің ноғай бок дейді,
Біздің елдің ішінде
Сендей сурет жоқ дейді.
Ақ жеткізсін кемінді,
Жөніңді айтып жата бер,
Таппай қалма тенінді.
Сонда Қосай сөйлейді:
— А, замандас, замандас!
Бір сөзім бар зейнін аш!
Не болғанын білмеймін,
Арқалап келді Қодар нас.
Қодар келді дегенін,
Соны қатын естіді,
Қосай екен десіпті,
— Қосаймысын сен? — деді,
Сендей ерді кемсінген,
Бикеште ақыл кем деді.
Көрсетейін көзіне,
Тоба қылсын өзіне.
Екі қатын сол жерде
Үйіне қайтып барады.
Ер Қосайдың келгенін
Алаукешке айтады.
Тас құдықтың басында,
Отыр екен қасында.
Ер Қосай сегіз жасында,
Қалмаржан бөркі басында,
Көремісін, шырағым,
Ер Қосайдың шырайын?
Сендей мұңды бейбаққа
Қосар ма екен құдайым?!
Қосай келді деген соң,

Жамылған тоны сары алтын,
Кекілі койған кара алтын,
Қалмаржан тормы басында,
Екі жеңге қасында,
Қыз бұлғандап жөнелді.
Тас құдықта отырған
Ер Қосайға келеді,
Екі қатын қайтады,
Түн ортасы болғанша,
Қосайдан келер жауап жоқ,
Алаукеш сонда сөйлейді:
— Қосай, саған не болды?
Етігім шешіп ал демей,
Белбеуім шешіп ал демей,
Төсегім қағып сал демей,
Не болды саған үндемей?
Сонда Қосай сөйлейді:
— А, замандас, замандас!
Бір сөзім бар зейінді аш!
Атамды құртқан қызыл бас,
Не болғанын білмеймін,
Арқалап келді Қодар нас.
Әкем түзде кебіңсіз,
Жеті атам қалды көмүсіз,
Жата алмаймын мен қу бас,
Сеніменен жанассам
Аруак болмас қабарлас.
Кол жіберген мұнайдан,
Әке-шешем зар қылып,
Тілеп алған құдайдан,
Әкем түзде көмүсіз,
Үмітім жоқ шырайдан.
Қаршығадай тарайын,
Он сегіз мың әлемнің,
Бір жасаған құдайға
Не бетіммен барайын?

Түніменен жатады,
Ертенгісін Алаукеш
Сонда үйіне қайтады.
Алаукеш қайтып кеткен соң,
Қодар келді қасына,
Келіп Қодар сөйледі:
— Жарастың ба, шырағым,
Келінжанның кеулімен?
Арқалап алып шүйілсем,
Аттан жүйрік желуім.
Еңсейіп келген келіннің
Нешеу болды біреуің?
Сонда Қосай ақырды,
Қу телпегін жапырды.
— Не деп жүрсін, қу Қодар?
Мен мінгендей бір ат тап,
Бәйгені алған қараттай.
Сонда Қодар сөйледі:
— Сарқырап аққан бұлағым,
Ат мінімін дегенге,
Ербиіп еді құлағым,
Ат табылмас деп пе едің?
Арқалап жүрген қонағын
Жеті атаңның жеті аты,
Жау қолына айналмай
Кіріптар болып байланбай
Тасбұлақтың басында,
Мекен қылып жүр еді.
Кісі атына асылма
Кісі атына асылсаң,
Дұшпан шығар басына.
Ерін салды қойнына,
Қосайды салды мойнына,
Азығына нан алды,
Шырағым шөлдеп қалар деп,
Торсыққа құйып бал алды,

Аркалап алып жөнелді
Тасбұлақтың басына.
Арада он күн қонады,
Он бір күн болғанда
Тасбұлаққа келеді.

Жеті атасының жеті аты Тасбұлақтың басында мекен қылып жүреді екен, бір жолмен шұбырып су ішеді екен, жолы аттың бауырынан қазылып қалған екен. Сонда Қодар айтты: «Мынау аттың келетін жолы, мынау шығатын жолы.

Осы бұлақтың басына сені жасырып қоямын, мен басқа жерге жатамын, аяқ тұзақ салып біреуіне жабысып қал» — деді. Қодар сүйтіп далаға кетті.

Күн сәскеге келгенде,
Алтын ат анрап келеді,
Баланың исін алады,
Жолдан шығып кетеді,
Бұлақ есіз қалады,
Жамандатқыр қалай деп,
Қодар жалт-жалт қарады.
Алтын ат кетіп қалған соң,
Бір сарғыш ат келеді,
Жауған күндей сіркіреп,
Жарылған жердей күркіреп,
Бір ернімен жер тіреп,
Бір ернімен көк тіреп,
Үркер, қорқар мал емес.
Бұлаққа басын салады.
Жазды күнгі бұлаққа,
Көзіне дейін малады.
Көзі суда жатқанда,
Арқан салып мойнына,
Бала күрмеп алады.
Сары ат шошып кетеді,
Аспанға көзін тігеді,

Төрт аяғын бүгеді,
Ат аспанға қарғиды,
Аспанға шыққан Сары атты,
Қосай жұлқып жерге алады,
Албыратты баланы,
Қодар мұндар қайда? — деп,
Төңірекке қарады.
Төңірекке қараса,
Киімін тастап тайрақтап,
Төте жолмен ойнақтап,
Келеді Қодар алақтап,
Құл келді де қағысты,
Қыл құйрыққа жабысты.
Батыр болған ер жігіт,
Қарағай найза таянды,
Таң намазға оянды,
Қодекеңнің екі қол,
Қыл құйрыққа таянды.
— Қоя бер, Қосай, қоя бер,
Менен кетер қайда? — деп,
Бүгерлеп жата қалады.
Сонда Қодар сөйлейді:
— Айбай, Сары ат, ай, Сары ат,
Мен деп үркіп жүрмісін?
Қосайдың түстің қолына,
Жеті ерден қалған Ер Қосай,
Қарабай мінер қонына,
Желін тұрды онына.
Аузы-басы қыбырлап,
Ат сөйледі сыбырлап:
— Арманым жоқ құдайға,
Қосайдың түстім қолына.
Жасым келді он беске,
Қарабай мінер қоныма,
Мойынымда тұмар бар,
Нар Бөкше ердің аты едім,

Анау алты ат ішінде
Менен асар жылқы жок,
Аяғын екі басырмай,
Бір төбеден асырмай,
Бойын жазып қашырмай,
Алты атты бағып жүр едім,
Қосай қашан өсер деп,
Қашан тоңым төсер деп,
Мен қасқа соны әзірлеп,
Арық болып жүр едім.
Сонда Қосай сөйлейді:
— А, Қодеке, Қодеке,
Сарғыш атқа мініп ал,
Қайың құрық қолына ал,
Анау кеткен алты атты,
О да біздің мал екен
Біреуіне қолын сал.
Сонда Қодар сөйледі:
— Баға берсем болмай ма,
Ерден қалған жетімді?
Маған билік тиді деп,
Мен тигізбен етімді.
Жаңылармын нетімді,
Күйелермін бетімді,
Ерлер мінген тұлпарға
Мен тигізбен етімді.
Жаяу жүрсем ылайқат,
Шырағым, сенің артыңда.

Енді екеуі Сары атты мінгесіп алып жүреді. Отыз аршын Қодарды тұмақ құрлы көрмейді, заулай ұшып ноғайлының шетіне келеді. Бір адамды ұстап алып ноғайлыға жібереді.

— Қосай Тақтаболат, Тасболаттың еліне аттанайын деп жатыр. Соған жүрсін,— дейді. Сонда ел толығып қалған екен, ноғайлыдан бес мың қол жиналып келді. Сонда Қодардың ойына ат түсті, анау күнгі тұлпардың біреуін мінбегенім қата болған



екен деп қапа болды. Сонда ойланып отырса, Ақсарыбайдың аулында бір Сазаншұбар деген айғыр бар еді, Қодар соны сұраймын деп, қамшысын қолына алып, жүгенін беліне қыстырып келе жатыр, берсе алайын, бермесе аулына дырду салайын деп, Ақсары байға сөйлеп тұр:

Ақсарыбай, кайдасын?
Түнеукүнгі көп малдың
Қодар тапты айласын.
Біз аттандық қалмаққа,
Алатұғын малынды,
Сояқтан жүріп аласын.
Сен жүруге ерінсең,
Тілектес болып қаласын,
Сазаншұбар айғырды
Мен мінуге бересін.
Сонда Ақсарыбай сөйлейді:
— Қосай да жас, қыз да жас,
Мал алмаймын баспа бас,
Айғырды мін де аулақ қаш,
Тыйышымды алдың Қодар нас.

Сонда бай айғырды әкеліп берді, Қодар айғырды жетектеп аулына қайтты, Алаукеш Қосайдың кететұғынын біліп жеңгесіне келеді: «Қодарға айт, Қосай мында келіп кетсін, амандасып қалайық. Ол қанды жол деген бір жаман жол еді, Қосай жауда өліп қалса, мен бұл жақта өліп қалсам, амандаса алмай қалармыз» — деді. Сонсын жеңгесі Қодарға айтты: «Қосай мында келіп кетсін» — деді. Қодар айтты: «Ақымды бермесен айтпаймын» — деді. Сонда жеңгесі қызға келіп сөйлеп тұр:

А, бикешжан, бикешжан,
Әкелмейтін секілді
Қодар деген көрімің,
Қосай сынды жетімді.
Сонда Бикеш сөйледі:

— Ау, женеше, женеше,
Итке берсен кетейін,
Дүниеден кем болсан,
Мақсатыма жетейін,
Осыдан қалған күніңе,
Мен дұрыстық етейін,
Косайды ептеп алдырсаң,
Женеше құлдық етейін.
Сонда қатын жүреді,
Қодарға қарап ұялмай,
Қыздың сөзін қия алмай.
Қатынды ұстап алады,
Қодардың түсіп қолына,
Жолықты қатын бөлеге.
«Әкел — деп — Қосай, баланы»,
«Әкелем — деп — күйеуді»,
Қодекен салды жаланы.
«Біреу келіп қалар» — деп,
Жан-жағына қарады,
«Шапшанырақ жүгір» — деп,
Қатынға кетіп барады.
Қодардың түсіп қолына
Бөлеге қатын қалады.
Қара басы дал болды,
Көремін деп Қосайды,
Бұ не деген заң болды?

Сонсын қатынға Қодар айтты: «мен анау жерге қарақшы қыламын, сол жерге Қосайды алып келемін» — деді, қатынды сүйтіп алдап кетті. Енді әскермен жатқан Қосайдың шатырына келді.

Сонда Косай сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
Мұнда келген қай мұндар?
Қасыма келме шерменде.

Сонда Қодар сасады,
Он етегін басады,
Шатырдан шыға қашады,
Сасканының белгісі,
Төрт-бес қырдан асады,
Өзі айыбын Қодекен,
Шанды шаңба қосады,
Бұрқыраған далада
Айдаһарға ұсады.

Енді Қодар қашып барып, маған осы да болар деп, бір сор жерге аунап жатып қалды.

Бағанағы қарақшыға қатын күнде келеді, Косайды әкелетін Қодар жоқ, қатын Қодардың алдағанын қызға келіп айтты. Бұл хабарды естіп қыз орнынан тұрады.

Қыз орнынан тұрады,
Қынай белін буады,
Сымдай женін сұғады,
Женгесіне көрсетпей,
Теріс қарап жылады.
Қыздың іші күйеді,
Желке шашын түйеді,
Алып келді түйені,
Адымын салып мінеді,
Жиналып жатқан көп қолға
Қыз туралап келеді.
Түнде келіп көп қолға,
Аруак болып сөйледі:
— А, бес мың қол, бес мың қол,
Кім өлмеген жаман жол,
Жеті атасын өлтіріп,
Жолы қатқан, Ер Қосай
Ұстайын деп барғанда
Қолы қатқан, Ер Қосай.
Сапар шегіп жол жүрсе

Қоны қатқан Ер Қосай,
Қанды шелек жетімге,
Еремісін аңдамай?
Өзі өліп тұрмайды,
Сендерді құртар сор мандай.
Қыздың айтқан бұл сөзін
Ат күзеткен есітті,
Ау, ай қараңғыда кім жүрсін
Піріміз шығар десіпті.
Топ-топ болды, топ болды
Түн ішінде бес мың қол,
Қосайды тастап жоқ болды.

Алқисса, сонда бес мың қол кетіп қалған соң, Қодар келіп
Қосайға сөйлеп тұр:

— А, Қосайжан, Қосайжан,
Кесір қылдым ниетіне,
Күйе жак Қосай бетіме,
Мен мойнымды бұрайын,
Ноғайлардан сұрайын,
Неге кетіп қалды екен
Бас басынан сұрайын,
Кінә қойып кетпесе
Бірін қоймай қырайын.
Қосай сонда тұрады,
Толғана мойнын бұрады,
«Ашуынды бергін» — деп,
Қодекеннен сұрады:
— Сап Қодеке, сап-сап,
Ақырына қарап бақ,
Бір алла бізге бергей бақ.
Әркімдер мінер бір атты,
Ат деген ерге қанат-ты,
Ермейсін деп қараға
Ел бүлдірген ұят-ты.

Есен жаным сау болса,
Санатты көп сөйлеме,
Қодеке, алып кел,
Шапшаң, барып Сары атты.

Алқисса, сонда жұртын бәрі қашып кеткесін, Қосайдың өзі-
нің асық ойнайтын қырық баласы қалған екен. Енді өзінің сол
қырық баласымен жүрейін деп жатыр.

Екеу еді қырық болды.
Қырық жігіттің жүргені
Данғырауын жол болды,
Ер Қосайдың қасына,
Қырық баласы келген соң,
Қырық мың жиһан бір толды.
Тау басына қонса да,
Пірлер бұлақ қазады.
Такыр жерге қонса да,
Аты көкке тояды.
Бұрыннан қалған мақал бар
Қосай да сол себептен қалады.
Он екі құлаш торымен,
Омырауын аршындап,
Астындағы Сары аттын
Аузынан аққан ақ көбік
Омырауға балшылдап.
Сауырдан аққан қара тер
Жаңбырдай жерге тамшылап,
Оңды, солды қамшылап,
Ер Қосай заулап жөнелді
Лашын құстай қалшылдап,
Жеңсіз берен киінді,
Қабағын тастай түйінді,
Ақ сұңқардай шүйілді,
Астындағы Сары атқа
Айт жануар шу! — деді.

Шу! дегенін білген соң,
Табаны жерге тимеді,
Табанына тиген тас,
Саз балшықтай иленді.
Сокқан желдей гуледі,
Әр төбенін басында
Азар басын биледі,
Айт жануар, деп еді,
Құбылып ойнап жөнелді.
Ақ бөкендей орғытып,
Қалмаққа заулап келеді,
Жекендінің желді көл
Мұнан да өтіп жөнелді,
Күйкелекті күйік көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Қапсағайлы Қаратау
Мұнан да өтіп жөнелді.
Шегірлі көл, Балды көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Қайыңды көл, Талды көл
Мұнан да өтіп жөнелді.
Одырдын кара белінен,
Енделінің шөлінен,
Мәдиненін қөлінен
Мұнан да өтіп жөнелді.
Өзінің байтақ елінен,
Адыртау деген жерінен,
Мұнан да өтіп жөнелді.
Астындағы сарыша ат
Қаршығадай найқалып,
Тұрымтайдай жайқалып,
Лашын құстай шүйіліп,
Ақ сұңқардай түйіліп,
Шабысын қойып сарғыш ат
Ауық, ауық желеді,
Желгені де тұлпардың

Шабысындай болады.
Оны да тастап аяндап,
Ақ бөкендей орғытып,
Аңқайып салып келеді.
Тақтаболат, Тасболат
Шынжырлы ердің бірі еді,
Атамның кегін алам деп,
Ішінен ойлап жүр еді.
Ат арыды дегенде,
Ер мойыды дегенде,
Алты ағаның молаға
Ер Қосай заулап келеді.
А, қырық жігіт, қырық жігіт,
Басыңды көтер, қырық жігіт,
Булынның екі бұлағын,
Өзім барлап келейін,
Өзім тұрып сендерге,
Бара көр деп не дейін?
Мен күдікті қиған жолбарыс,
Қайратымды шенейін,
Не салса да, құдайым,
Талабымнан көрейін.

Енді Ер Қосайдың өзі барып бұлақты көріп қайтамын деп,
кетіп бара жатыр.

Батыр заулап жөнелді,
Ат құйрығын өреді,
Бұлаққа заулап келеді.
Сол уақыттар болғанда,
Астындағы сары аттын
Астыңғы ерні қыбырлап,
Үстінгі ерні жыбырлап,
Ақырын, ақырын сыбырлап,
Ер Қосайға сөйледі:
— Қосай, саған не болды?

Ерімді алып аунатпай,
Жүгенімді алып кунатпай,
Пайғамбардай несіпті,
Бала окиды мешітте,
Байдың қызы орайды,
Шым жібектен есікті.
Соны Қосай есітті.
Аттан түсе қалады,
Төске қолын салады,
Төстен тартқан тартпасы
Бірге бітіп қалады.
Шапка қолын салады.
Шаптан тартқан шап айыл
Бірге бітіп қалады.
Ерге қолын салады,
Жон терісін сыпырып,
Қосай жұлып алады.

Сонсын Сары ат барып жерге төрт аунағанда арқасынын жүні заулап қайтадан шықты, тартпа кескен бауыры қайтадан бітіп кетті, шөптің басын искеп кісінеп тұрып, Сары аттың Қосайға айтқан сөзі:

А, Ер Қосай, Ер Қосай,
Атаннан кеулім қалған жоқ,
Бабаннан кеулім қалған жоқ,
Мұндай қайғы көрген жоқ,
Ажал келмей өлген жоқ,
Жата тұр деп жетімек,
Сары ат заулап жөнелді.
Сол бұлақтың басында,
Адамы жоқ қасында,
Үш күн жерде жатады,
Ат жоқ жаяу қалады,
Батырын есінен танады.
Ер тоқымын жастанып,

Қу тоғалай бастанып,
Айналасын пышақтап,
Ер тоқымын күшақтап,
Қосай шықты төбеге.
Шолпан жұлдыз батқанда,
Бәленін алды қайтқанда,
Ереуіл тандар атқанда,
Қызара келе күн шықты.
Күн астына қараса
Будак, будак шаң шықты.
Шаң астына қараса,
Қудай мойнын шайқаған,
Сары ат бұлғап бұл шықты.
Онан арман қараса,
Алауланған ту шықты.
Ту астына қараса,
Ой шұбар ат астында,
Елу жеті жасында,
Тактаболат, Тасболат,
Қалмақтың ханы бұл шықты.

Енді Сары ат келіп Қосайға сөйлеп тұр.

Сонда Сары ат сөйледі:
— Аманбысын жолбарысым?
Есенбісін жолдасым?
Атым тастап кетті деп,
Кеулін бейғам болмасын.
Даулы судың бойынан
Мен бір бөлек жау таптым,
Алдымен қашып лақтым,
Мен жөнелдім домалап,
Баяғы кеткен Сары ат деп
Жұрт келе жатыр қуалап,
Жеті атанды өлтірген
Жанына қаза келтірген

Тақтаболат, Тасболат,
О да келді жалғыз тақ,
Сен де жолық жалғыз тақ,
Менің мініп үстіме
Шапшанырақ жетіп бак.

Енді Қосай Сары атты мініп алып, жаудың алдынан шығайын деп жатыр.

Миніп алып Сары атқа,
Шауып шықса төбеге,
Қосайдың көзі түсіпті
Жылтылдаған жебеге,
Тақтаболат, Тасболат,
Шаншайын деп келіпті,
Ер Қосайды кемерге.
Сонда қалмақ сөйлейді:
— Менің атым Тасболат,
Тауда жайлап, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен,
Зұлфұқарым тас кескен,
Сендер түгіл, ку жетім,
Жеті атан маған бел шешкен.
Патша дейді затымды,
Құртар едім сен итті,
Дәнеме жок артында,
Өзіңнің басың сауғаға
Таста, Қосай, Сары атты.
Сонда Қосай сөйледі:
— Астымдағы сарғыш ат,
Бір жаратқан құдайға,
Кеуде жаным аманат.
Сен қашпасаң мен қашпан,
Сонша жерден мен іздеп,
Саған келдім, Тасболат!
Меніменен қас болма,

Ат алам деп мас болма,
Жеті атамды өлтірген,
Жанына қаза келтірген,
Астына мінген шұбардың,
Жүректен салсам найзамен,
Тарқар менің құмарым.
Сен қашпасаң, мен қашпан,
Сонша жерден мен іздеп,
Келген менің құмарым,
Асқар тауға, Тасболат,
Мензей берме өзінді,
Әр немеге ұрынбай,
Дұрыстап айт сөзінді.
Алыстан келген бұл жетім,
Ояр екі көзінді.
Осыны айтып Ер Қосай,
Тартып, тартып жіберді
Сарғыш атты бауырға.
Қарасын ба ер төре?
Ұмтыла түсіп шаншыпты,
Түсірем деп қалмақты,
О да найза салады,
Бұ да найза салады,
Екеуінің найзасы,
Қармақ болып қалады.
Найза қанға майысты,
Қылыш қанға қайысты.
Ат тізесін бүгісті,
Бүге, бүге тұрысты.
О да салды шеңгелді,
Бұ да салды шеңгелді,
Екеуінің қайраты
Бір-біріне тең келді.
О да бұған ұмтылды,
Бұ да оған ұмтылды,
Екеуі киген ақ сауыт

Бояктай дыр-дыр жыртылды.
Найзаларын сермеді,
Екеуінің назары
Ештемені көрмеді,
Үстіне киген ақ сауыт
Ілгегі сыймай кернеді,
«Мынау жетім қалай?» — деп,
Найза салды жүректен,
Күші кетті білектен,
Ырғай-ырғай ендірді,
Қалмақты аттан төндірді,
Шұбар аттың үстінен
Сауырсына міндірді.
Салған жерден переді,
Менменсінген төренді,
Сегіз жасар Ер Қосай,
Балықтай түйреп түсірді.
Аттан түсе қалады,
Кеудеге мініп алады,
Қорқыратып шалады.
Әділ жанын сүйретіп,
Ұйқыға көзін үйретіп,
Камшысын атқа сүйретіп,
Қара бөрік қалтиған,
Мен батыр деп далиған,
Қодар шауып келе жатыр.
Қодар сонда сөйледі:
— Айналайын Қосайжан,
Бабана тисін шалғаның,
Атана тисін шалғаның,
Әттен көзім көрмеді-ау,
Қарағым, көзім көргенде
Болмайтын еді арманым.
Жолығыпсын бір тауға,
Салаңдаған сары айғыр,
Жеткізер мені қай жауға?

Патшадан алған шұбарды
Берсенші маған сауғаға.
Сауғаға батыр береді
Патшаның мінген тұлпарын
Астына мініп алады.
Патшаның буған алмасын
Беліне салып алады.
Қалмаржын қара бөрікін
Шекесіне салады,
Патшадан менің нем кем? — деп,
Жан-жағына қарады.
Сонда Қосай сөйлейді:
— А, Кодеке, Кодеке,
Атын болды лайық,
Киімін болды лайық,
Қылышын болды лайық,
Тұтасып жатқан қалмаққа
Кезек-кезек барайық,
Басына қайғы салайық,
Қарсы келген батырын
Қақ маңдайын жарайық.
Атамыздың кегі үшін
Шыбын жанды булайық.
Қалмақтың бұзып қаласын,
Сұлу қызын алайық.
Сонда Қодар сөйледі:
— Мен мойнымды бұрмайын,
Қаршығадай тұрайын,
Жан-жағыма қарайын,
Бәрі маған қарап тұр,
Қорықпай неғып барайын?
Бетін арман бір қарат
Камшымен ұрып қырайын.
Сонда Қосай сөйледі:
— Әркім атын мақтай ма,
Ажалдың оғы тап келсе?

Үйде жатсам атпай ма?
Алдалаған дауысым,
Кұдайыма жакпай ма?
Мұхамбет атты ер жалғыз,
Ажалдын оғын қақпай ма?
Тұтап жатқан қалмаққа,
Баруға кеулің шаппай ма?
Орнынан тұрып Ер Қосай
Жүгіріп атқа барады,
Атқа мініп Ер Қосай,
'Айкай сүрен салады.
Айкайлаған дауысы
Айшылық жерді алады.
Күркіреген дауысы
Күншілік жолды алады.
Шыбын жанмен сарғыш ат
Бір құдайға аманат,
Астымдағы сарғыш ат
Шабалмасан саған серт,
Шабысына шыдамай,
Отыралмасам маған серт.
Қолымдағы зүлфұқар,
Қарыс қара жерінде,
Қырық мың ердің құны бар,
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Ерлердің айтар мұны бар.
Итке салса ыңк еткен,
Нарға салса бүлк еткен,
Шекесі бос сылқ еткен,
Шүберектей қуарған,
Айдаһардың қанына,
Жан қалмас деп, суарған,
Атамнан қалған зүлфұқар;
Бабамнан қалған зүлфұқар,
Шабалмасам маған серт.

Шапқаным шыдамай,
Балдақтан кетсең саған серт.
Алты қырлы ақ жебе,
Шыққан жері қу төбе,
Кесіп қалған жерінде
Қырық жыл жатқан қуарып,
Қырық қара нар майына
Алып едім суарып,
Шаншалмасам маған серт,
Шанышқаным шыдамай,
Ұңғыдан кетсең саған серт.
Алты атқа алған адырна,
Он атқа алған бұхаржа,
Аталмасам маған серт.
'Ашуыма шыдамай
Кірістен кетсең саған серт.
Үстімдегі ақ сауыт,
Ақ кіреуке бек сауыт,
Сені соққан ер Дәуіт,
Қылыштың қайқы жүзіне,
Зеңбіректің оғына,
Қайда қалың шоғына,
Кәпірдің қалың тобына,
Сүнгімесем маған серт.
Оқ дарытсаң саған серт.
Осыны айтып Ер Қосай
Айкай сүрен салады.
Бір өзінің дауысы
Мың кісідей болады,
Мың сан қарға жабылып,
Өлімтікке қонады.
Өлген қолды санаса,
Тоқсан мыңдай болады.
Ту ішіне топ тастап,
Туын бұзып құлатты.
Тастан соққан қаланы

Быт-шыт қылып құлатты.
Ер сықылды қайратты,
Әр атқанда садағы
Мың кісіден құлатты.
Ай бетінен кіреді,
Айқай сүрен салады,
Күн бетінен кіреді,
Күндей сүрен салады,
Қойға тиді бір бөрі
Бүріктіріп қырады.
Қолындағы баланын
Қырық кез болды қылышы,
Оңай болды бұл ісі,
Ұрмай, сокпай баланын
Бітетін болды жұмысы.
Қолындағы зүлфұқар
Сексен екі бас кесті,
Айра балқып келгенде
Қазандай қара тас кесті.
Не жайсаңы кәпірдің
Қылышы тимей бел шешті.
Кәпірдің аққан қанынан,
Астындағы Сарғыш ат,
Үзеңгіден қан кешті.

Алкисса, сонда қалмақтың патшасына келіп бір адам сөй-
леп тұр:

— А, хан аға, хан аға,
Қолың жеткен жеріңе,
Патша болған, хан-аға,
Нағылып оқ дарысын,
Құдай баққан балаға.
Жолатпайды мылтықты,
Аруақ қол мен сабалап,
Болмасқа кеттін хан бейбақ,
Ертеректе жөнін тап.

Осы сөзді айтқан соң,
Тақтаболат патшанын
Бір уыс болды заманы,
Ұлықтың ауды табаны,
Жалмаң көк атты сабалап,
Бір құдайын жағалап,
Терең жарды паналап,
Патшан қашып жөнелді.
Батырдың көзі көреді,
Астындағы тұлпармен
Артынан қуып келеді,
Келе сөйлей береді;
Бұрынғы ердің жолымен
Үлкен деп сәлем береді.
Патшанды ұстап алады,
Мойнына шылбыр салады,
Көкбар қылған лактай
Тақымына сүйретіп.
Төрен кетіп барады.
Ол патшанды өлтірді,
Мәнісіне келтірді.
Ағаштан қылыш арбасын,
Арбаға жеккен жорғасын.
Ақша салған дорбасын,
Бұзау, баспақ танасын,
Қалдырмай айдап жөнелді
Қатын менен баласын.
Қосай менен Ер Қодар
Быт-шыт қылып құлатты
Қалмақтың салған қаласын.
Дулыға өркеш нар алды,
Бір-бір сұлу жар алды,
Елу жеті қала алды,
Бір-біріне байлатып,
Өзіне өзін айдатып,
Елге қайта қонады.

Қосай мен Қодар қалмақтың малын айдап кетіп бара жатса,
артынан бір айқайлаған дауыс келеді:

— Қосай жетім қайдасын?
Айдама менің малымды,
Шулатпа кемпір-шалымды,
Менің балам Қараман,
Теспей сорар қаныңды,
Шырқыратып жаныңды,
Өлмей қалмас соңыннан.
Сонда Қодар есітіп,
Көп қолдан барып сұраса,
«Қараманның шешесі
Қоламбай кемпір» — десіпті.
Қодекең енді қуады,
Кемпір мінген желмая,
Жоғала қалды зым-зия.
Қодекең қуып, ол қашты,
Қодекеңнің аузына
Қос уыстап құм шашты.
Егер қолға түскенде,
Қылар еді бір кия.

Сонда ол Қараман отыз ауыл Орақты, алпыс ауыл Мамайды
жебір, жесір қылып шауып алып келе жатыр екен, Қосай бар-
ғанда Қараман ауылында жоқ екен, сонда шешесі барып Қара-
манға сөйлеп жатыр:

— А, Қараман, Қараман,
Бес мың қолмен сен кеттің,
Сен кеткен соң жау жетті.
Бұлаңдаған мырзанды,
Балықтай түйреп ауыртты.
Қосай бұзды қалаңды,
Шулатты қатын-баланды,
Қоймады басбақ, тананды.
Өз өзгесін кәйтейін,

Аламын деп ит Қодар
Артынан қуды-ау аңанды.
Шапшанырақ жете көр,
Қойып басқа аланды.
Қартайғанда жер едім
Ер Қосайдың етінен.
Берсін құдай ниетіне,
Қорқыратып шалмасан,
Қанын сорып алмасан,
Риза емен Қараман.
Тақтаболат, Тасболат,
Өлтірді екі батырды,
Мәнісіне келтірді,
Маңраған қойдай шулатты
Жетім менен жесірді,
Сен де барып, Қараман,
Алдынан шығар кесірді.

Енді Қараман бес жүз кісімен қуайын деп жатыр. Сонда
Қосай өзінің қырық жігітіне айтқан сөзі:

— А, қырық жігіт, қырық жігіт,
Басыңды көтер тұр жігіт,
Мен қалмақтан ар алдым,
Не бір сұлу жар алдым,
Дулыға өркеш нар алдым,
Орыныңнан тұрындар,
Таласпай бөліп алындар,
Жалғыз-ақ ар менікі,
Осының бәрі сенікі.

Сонда кейін Ер Қосай Қодарға келіп сөйледі. Сөйлегенде
бұйдеді:

— А, Қодеке, Қодеке,
Келінің түсті есіме,
Артыңнан келіп Қараман

Кыларма кесір күшіне?
Қодекен сонда сөйледі:
— Жүре бер, Қосай, жүре бер,
Мен мойнымды бұрайын,
Алладан пәрмен сұрайын,
Өзімдей құлға мал берсем,
Қабландығымды ұрайын.
Енді Қосай сол жерде,
Аулына қарай озады,
Жеңсіз берен киінді,
Лашын құстай шүйілді,
Қабағын тастай түйінді,
Астындағы сарғыш ат
Айт, жануар, деп еді,
Құбылып ойнап жөнелді.
Ақ бөкендей ортып,
Желе аяндап жортып,
Сары ат заулап келеді.
Ақ бөкендей жосады,
О төбенін тозанын
Бұ төбеге қосады.
Қарабай мен көк құтан
Көтеріліп ұшқанша,
Алдынан орап басады.
Баяғы шабыс қалады.
Тер бойына тарады,
Мақтау атқа жарады,
Астындағы Сары аттын
Көкте екенін білмеді,
Жерде екенін білмеді,
Кос канатын салады,
Пыр-пырлап ұшып жөнелді.
Әлде өтірік, әлде рас,
Мен жоқ едім қасында.
Айна бесін болғанда,
Батырын елге құлады.

Сонда Сарғыш ат айтады: «Қосай, сені алты айшылық жерден бір күнде әкеліп тұрмын, сен енді қызды көрейін деп келе жатырсың, қызды мен де көрейін. Мен бір қотыр тай болып батпаққа батып жатайын, сен бір тазша бала болып Ақсарыбайды тоғыз ұлымен алып кел, байдын тоғыз баласы келіп тартса да тұрмайын. Ал Алаукеш қыз келіп жалымнан тартса ұшып тұра келейін» — дейді. Сары аттың бұл сөзін мақұл көріп, Қосай Ақсарыбайдың аулына келеді.

— Ассалаумағалайкүм,
Ақсарыбай байымыз,
Өзі жауыр, өзі арық
Мініп жүрген тайымыз.
Тай батпаққа жығылып
Кетіп келді жайымыз.
Дүние деген ғафілді,
Табалмай келдім ақылды,
Арқан алып жүрініз,
Анау жатыр жақында.
Тоғыз мырзаны ерітіп,
Ақсарыбай жөнелді,
Балалы қаздай байпандап,
Танадай көзі жайтандап
Жығылып жатқан Сары атқа
Шал байпандап барады,
Арқан күрмеу салады.
Әуп-әуп деп қалады,
Шығатұғын Сары ат жок,
Балшыққа батып барады.
«Жамандатқыр, қалай» — деп,
Алды-алдына тарады,
Олар кетіп қалған соң,
Таз ауылға барады,
Алаукеш он бір жасында.
Қалмаржан тормы¹ басында,

¹ Бас киім.

Дым адам жок қасында,
Отыр еді салданып,
Қамқа шаншып алданып,
Қарағым қашан келер деп,
Және екінші қамданып.

Сонда Қосайдын келіп қызға айтқан сөзі:

— Астыма мінген шұбарым,
Мойнында алтын тұмарын,
Қосай сенің інкәрін,
Аман-есен бір келсе,
Тарқар еді құмарын.
Шығарып берсен тайымды,
Қосайдың айтам хабарын.
Алаукеш сонда сөйлейді:
— Әуеден ұшқан қоңыр қаз,
Сенің айтқан сөзіне,
Ішпей-жемей болдым мәз.
Осыны айтып Алаукеш
Қыз бұлғандап жөнелді,
Қасына ертіп Ер Қосай,
Қотыр тайға келеді.
Алаукеш сұлу келді де
Кекілінен алады,
Тай суырылып барады,
Қыз Қосайға жарады,
Қосай қызға жарады,
Қотыр тайы жыртыып
Сұлу қызға қарады.
— Ол, ол болсын, ол болсын,
Аз дәулетің мол болсын,
Жеке басың қол болсын,
Тайың жығып батпаққа,
Қарағым, саған жол болсын?
Сонда Қосай сөйлейді:

— Атқа мініп желеміз,
Қалмақтан олжа алам деп,
Кешегі кеткен Ер Қосай,
Өзі өліп тұрмады,
Біздерді құртты сор мандай,
Солжақтан қашып келеміз.
Кекілі құйған сары алтын,
Жамылған тоны бәрі алтын,
Иық ішік жамылып,
Беті оттай қабынып,
Қарағым Қосай келет деп,
Жүруші еді сағынып,
Қосай өлді деген сон,
Жыламай тұрсын нағылып?!
Өксіп-өксіп жылады,
Керегеге құлады.
Наурыздың ақша қарындай
Күлтілдеген ақ бетін
Кереге көгі жырады.
Сонда Ақсарыбай сөйледі:
— Жылама, балам, жылама,
Осы күнгі сұм бала,
Жылама десе бола ма,
Қосайдан артық бай тапсам,
Қарағым, саған бола ма?
— Былшылдаған шұнақ шал,
Былшылдамай кет жоғал!
Шулыған салмай балама.
Сонда бала сөйледі:
— Андамай айттым нетейін,
Білмей айттым нетейін,
Таңдайым кеуіп шөлдеп тұр
Сусын берсең кетейін.
Сорлы болған кемпірге
Ертерек барып жетейін.
Сонда Ақсарыбай ақырды.

Алаукешті шақырды
Қыз орнынан тұрады.
Сабаға піспек ұрады
Бір шыны аяқ алады
Әкеге құйып береді;
Бір шыны аяқ алады
Ағаға құйып береді;
Бір кірлі аяқ алады
Балаға құйып береді.
Канар қанбас болады
Бала өкпелеп жөнелді.
— Әкене бердін шыны аяқ,
Шыны аяғың толы аяқ,
Ағана бердін шыны аяқ
Шыны аяғың толы аяқ,
Маған бердін кірлі аяқ
Кірлі аяғың орта аяқ,
Асықпай тұр сен, тоқал,
Ертен Қосай келгенде
Басына тиер тал-таяқ.
Бұлғары садақ бұқаржай,
Бұлғай тартты Ер Қосай,
Сауры жалпақ Сарғыш ат
Салқа жортты Ер Қосай.
Жеті атасын өлтіргеннен
Кегін алған Ер Қосай.
Сұлу-сұлу тектіні,
Тегін алған Ер Қосай,
Қатын алды бір талай,
Тоқал болдын сор маңдай,
Сорлы тоқал тұр солай.
Сонда Алаукеш сөйледі:
— Сендер дария мен дарға,
Сендер сұнкар мен қарға,
Қосай өлді деген сон
Түсіп кеттім тар жолға,

Қатынын он төрт, мен он бес
Риза болдым сен нарға.

Қосай енді Алаукешті көрген соң, енді өзінің шешесіне келе-
йін деп жатыр:

Жұрт жатса да, ол жатпай,
Анрап отыр анасы
Ол сорлыға таң атпай.
Жасырынып отыр баласы,
Бір құдай болсын панасы,
Екі көзі ілінді,
Өзі әулие аналық
Көзіне нысан білінді,
Жасатқан жаппар құдая,
Жанағы келген бозамық
Лебі ме екен деп едім,
Көзім көрген бозамық
Беті ме екен деп едім
Түсім шайтан болмаса,
Ұлы бесін болғанда,
Ел шетіне қарағым,
Келер ме екен деп едім.
Осыны айтып болғанда,
Бұлаңдаған Ер Қосай,
Орнынан тұрады,
Есікке қадам ұрады,
Үйіне жетіп келеді,
Шешесін көзі көреді,
Сәлем бердік ана деп,
Иіліп сәлем береді,
Екеуі тұрып жолғасты
Аман-есен көрген соң,
Қозыдай шулап маңрасты,
Кеткені қолға тиеді,
Аман-есен көрген соң,
Әр бетінен сүйеді.

Қатып қалған қу емшек
Қосай келіп емгенде
Еміреніп иеді.
Баласын алып қойнына,
Сол күні түнде жатады,
Бұйырған дәмін татады.
Қарағым тоңып қалар деп
Үстіне көрпе тартады.
Жиырма төрт сағат біткен соң
Құданың таңы атады.

Енді кемпір баласын ертіп Ақсарыбайдың аулына келе
жатыр.

Балалы қаздай байпаңдап,
Баласын ертіп жөнелді,
Ақсарыбайдың аулына
Құдағайға келеді.
Онаша үйде жатсын деп
Үстіне шатыр тігеді.
Ернекке отау тіктіріп,
Мал семізін сояды,
Келген-кеткен кісіге
Қостан табақ қояды.
Қазысына құр тайдың
Көршілері тояды.
Қосай менен сұлуды
Бір отауға қояды.
Қара бөркі қалиып
Малыңды ал деп далдып,
Ақсарыбайдың аулына
Қодар малмен құлады.
Айттырған екен үш мыңға
Соны санап береді,
Қодарды тәуір көреді,
Қомысынған мен құлың да,
Айтулы ердің бірі еді.

Ендігі сөзді Қараманнан естіңіз:

Қараманның көп қолы,
Арада неше қоныпты,
Жетемін деп зорықты,
Жете алмайтын болыпты.
Қол жүруге дайын-ды,
Ақсарыбайдың көп малы
Малдың шеті көрінді,
Қараманның қарауылы
Екі-екіден бөлінді.
Ақсарыбайдың мергенін
Қарауыл ұстап алады,
Такымға бұрау салады.
«Қосай батыр қайда?» деп,
Мергендерден сұрады.
Такым бұрау өткен соң
Мергендер зар-зар жылады.
«Қосай деген батыр деп,
Ақсарыбайдың аулында
Қызбенен бірге жатыр» — деп
Мергендер айтып салады.
Қараманның қарауылы,
Түнде ауылға барады,
Қосай қыздың қойнында,
Дәнеме жоқ ойында,
Ұйықтап жатқан батырға
Түнде ойран салады,
Дабырлаған бір дауыс,
Ұйықтап жатқан сұлудың
Құлағын жарып барады.
Бұ не деген дауыс деп
Жабықтан тұрып қарады.
Киімдері сымпиған,
Найзалары қылтиған,
Желкілдеген көп әскер

Үйді айнала камады.
Бұлаңдаған Алаукеш,
Қасындағы батырды
Тістеп келіп алады.
Оята алмай қор болды.
Алты ұйқылы қабланды.
Ұйықтап жатқан батырдың
Мойнына белбеу салады,
Сүйреп кетіп барады,
Бір желуан сайдың бойына
Апарып байын салады
Бетін шөппен жабады,
Жасырынып бір жерден
Сығалап сұлу қарады.
Қараманның көп қолы
Қодарға жетіп барады,
Кеудеге мініп алады.
Кеудеге мініп алған соң,
Ол айғайды салады.
Қодар батыр бакырды,
Мен Қосай деп ақырды,
Қосай мұнда деген соң,
Отауда жатқан әскерлер,
Бермен қарап жапырылды.
Қодарды ұстап айдады,
Бұлқынып жазым қылар дел
Оны арбаға байлады.
Сақалынан алады,
Ат үстінде Қодарды
Тас төбеге салады.
Қодар кетіп қалған соң,
Алаукеш барды байына,
Байын көмген сайына,
Байының басын күшақтап,
Көзінің жасы моншақтап,
Тиген жері жанады.

Көзін ашып Ер Қосай
Жан-жағына қарады,
«Қайда жатырсың, батыр?» — деп,
Алаукеш сұлу сұрады,
Төсегің қайда жолбарысым?
Үйің қайда жолбарысым?
Әттең Қодар болмаса,
Кетіп еді-ау өз басың.
Қодар сенің қабағың,
Ауру болып аш болса,
Етіңмен бір тамағың.

Сонда Қодарды Қараман байлап алып кетіп бара жатқанда
Қодардың Қараманға айтқаны:

— Қараман өзім көрген баз баяғым,
Тарықпан байладың деп қол-аяғым,
Болғанда ертең сәске қызығын көр,
Тастөбене менің ойлар тал-таяғым.
Өзімнің Қаратауда бұлағым-ай,
Бере көр құдай медет қарағыма-ай,
Дауысым барамекен құлағына-ай,
Таң ата қалай келмейт қонағына-ай.
Сарғыш ат жауды көрсе шабылады,
Сабаса өкпем оттай қабынады,
Болғанда ертең сәске қызығын көр,
Іздеген жерік асың табылады.

Сонда Қодардың айтқан өлеңін естіп, Қосайдың айтқаны:

— Қодекем де аман, мен де аман,
Қодекемнің басына
Түскен екен бір заман.
Қодекем бүйтіп тұрғанда,
Таң атуға шыдаман.
Осыны айтып Ер Қосай,
Тартып-тартып жіберді,

Сарғыш атты бауырға,
Қарасын ба ер төре,
Кейін қалған ауылға?
Түнде тиіп қалмаққа
Ол айкайды салады.
Байлаулы тұрған Қодардың
Құлағын жарып барады.
Қосайдың дауысын есітіп,
Қалмақтың сабыр қарары,
Көзінің кірді жанары,
Енді Қодар бұлқынды,
Сындырам деп арбаны
Қарнындағы терісі
Бояқтай дыр-дыр жыртылды,
Суырып алды Ер Қодар,
Арбадан бір арысты,
Жаяу тұрған әскермен
Келе Қодар салысты.
Тастөбеге салады,
Ұрғанына шыдамай,
Шырқырап қалмақ жылады.
Қамшымды қайсын алдың? — деп,
Ұрған сайын ұрады.
Соғысып жүріп Ер Қосай,
Жолықты бөлек нұраға,
Қосаймысын сен? — деді
Нәсілсіз құлға қол ұрып,
Жазымда кеттім мен деді.
Қалмақтан шыққан батырдың
Ен кенжесі мен деді,
Қазақтан шыққан батырдың
Екіншісі сен деді,
Кезегімді бер деді,
Қайратымды көр деді.
Аттын басын бұрады,
Кезегінді ал деді,

Қасқайып қарап тұрады,
Нәсілсіз туған Қараман,
Қолындағы қамшымен
Тас төбеге салады.
Батыр туған Ер Қосай
Бит шаққандай көрмеді,
Ұрғанына шыдады.
Болмайтын оған болған соң,
Қорамсаққа қол салды,
Қозы жаурын оқ алды,
Шошып кетіп Ер Қосай,
Астындағы Сары аттын
Үстінде тұрып толғады.
— Атамнан қалған жануар,
Бабамнан қалған жануар,
Мына келген бәлеге
Не қылғандай ойың бар?
Сонда Сары ат сөйледі:
— Батыр туған Ер Қосай,
Үстінде арам ғұсыл бар,
Мен білемін қорықтым,
Астында Сары ат аландар.
Екі оқтан аман сақтаймын,
Үшіншіге келгенде
Сыртыңнан баққан бабан бар.
Осыны айтып болғанда
Шыдамды ер заңғар.
Толғап тартып қалады,
Оқ зырқырап барады,
Астындағы Сарғыш ат,
Оққа көзін салады,
Оқ тиер деп налыды,
Оқ жақындап келгенде
Лыпа жата қалады.
Қарағай қырқып, тал жонып
Оқ жөніне барады,

Бұл октан аман қалады.
Бойын түзеп алады,
Тағы тартып қалады,
Оғы зырқырап барады,
Ат аспанға қарғыды,
Ок жайына қалады.
Шауып келіп Қараман,
Безеу тісті кер тартар
Тастөбеге салады,
Төбеден шыққан от жалын
Аспанды барып шарпыды.
Батырын есін танады,
Көкбар қылған лактай,
Такымына сүйретіп
Қараман кетіп барады.
Екі көзін жұмады,
Түсемін деп Ер Қосай,
Бұлқынып еді алдында,
Екі жағынан батырдың
Төрт қабырға сынады.
Артынан Кодар келеді,
Қайратты күштің Қодекен
Санаулы ердің бірі еді.
Кодар сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді?
— Тұмай кеткір Ер Қосай,
Ақ қояндай қасқармай,
Қосай саған не болды,
Қараманды бас салмай?
Қараман келді кезіме,
Салмаймын құлақ сөзіне,
Не көрінді көзіне?
Әлін жетпесе қоя бер,
Қодекеннің өзіне.
Сонда Қосай сөйледі,
— Келме, Кодар, қасыма,




Бір кісіге бір кісі
Мүнәсіп' емес басыма.
Сонда бала жылады,
Қарайды менің жүрегім,
Жау қалмақтың қолында,
Қалар болды құдай-ай,
Қос уыс алтын сүйегім.
Үстіп зарлап тұрғанда
Келмедің-ау біреуің.
Алла көмек берген соң,
Пірлер қолмен сүйеді,
Көтермес пе түйені?
Бала бойын түзеді.
Ер кезегі үш деді,
Сонда Қосай сөйледі,
Қараман аттан түс деді.
Енді артыңды қыс деді.
Ат үстінен Ер Қосай
Жағасынан алады,
Шалқадан жерге салады,
Кеудеге мініп алады,
Қараманның үстінде
Тау басында отырған
Лашын құстай көрінді.
Найза салды батпады,
Қылыш салды кеспеді,
Қодар келіп қасына
Тасболат батырдың
Кеуде жағы тас болат,
Бөксе жағы бос болат,
Сол жерінен шапсаңыз
Сонда көңлің қош болат.
Ер Қосайдай батырың
Қолына қылыш алады,

¹ Нәсіп болу, кез келу деген мағынада.

Қасына таман барады,
Қақ ортадан шабады,
Бөкседен ұшып кеудесі
Екі бөлініп қалады,
Өзіне бердім азатты,
Алаукештей сұлуды
Өзіне неке қияды.
Отыз екі сұлуды
Қодарға неке қияды,
Ұлы жиын той қылып,
Елі, жұртын жияды,
Батыр туған Ер Қодар,
Қосайға аға болады.
Мұнан былай балаға
Бакыт орнап жөнелді,
Жиналып келген, халқым-ай,
Аз айтты деп жүрмендер,
Болды тамам-ай осылай.



Қарабек батыр





Э

нді айтайын жігіттер,
Бұрынғы өткен батырды
Он мың үйлі Оятты,
Қырық мың үйлі Қиятты,
Токсан мың үйлі Қоныратты;
Сонша жұрттың басы екен,
Кәдірхан деген хан екен,
Ер келбетті Кәдірхан.
Жасында болған батыр хан,
Жауды көрсе, жалаңдап,
Арыстандай ақырған,
Жолбарыстай бақырған,
«Қарақай» лап ат қойып,
Аруағын шақырған.
Мың сан қолды шақырып,
Қанын судай сапырып,
Көзі оттай қызарып,
Түсі кетер бозарып,
Еркіндетіп дауылдай,
Күзгі қара жауындай
Алдындағы дұшпанын,
Асырып қырдан айдаған,
Белдеуге атын байлаған,
Елдің қамын ойлаған.

Қалың қият, Үйсіннің
Елі тыныш болсын деп,
Маңайда жауын қоймаған.
Түсі суық кәрлі хан
Айдаһардай зәрлі хан,
Айбаттанып ақырса,
Ми қайнаған ыстық күн
Шілде де қар қатырған.
Малды мындап айдаған,
Биені қырға байлаған,
Он мың үйлі оятты,
Қырық мың үйлі қиятты,
Жолды өзекті жайлаған.
Жалпақ елдің ханы еді,
Жегені арпа, тары еді
Жер ортадан асқан кез,
Азу тісін басқан кез,
Үш қызы мен бір ұлы,
Перзенттері бар еді.
Үлкен қызын сұрасаң,
Қоланнан сұлу шашы бар,
Түймеден сұлу басы бар,
Кер маралдай керілген
Бұралып белі үзілген
Мұнараға шығарға
Басарға аяқ ерінген,
Хор қызындай сипаты
Құдіретпенен берілген,
Ішкен асы шіркіннің
Тамағынан көрінген,
Алпыстағы шалдардың,
Өзегін өртеп күйдірген.
Ғашық боп талай жігіттер,
Өлейін десе өле алмай,
Өзінің жанын қия алмай,
Маңына бірін жуытпай

Диуана қылып жүргізген,
Үшбу қыздың есімін
Ханбиби сұлу дегізген.
Кіші қызын сұрасаң
Туған айдай балқыған,
Исі жұпар аңқыған,
Бұлбұлдай-ақ сөзі бар
Дариядайын шалқыған,
Қорғасындай балқыған.
Қардай сұлу еті бар,
Қандай сұлу беті бар,
Ханша сұлу дегізген.
Ғаділ туған жан екен,
Айтқан сөзі шын екен,
Оның өзі бала екен,
Ойынменен мас екен,
Көркемдікке тан екен.
Қадірханның Қарабек,
Жалғыз туған ұлы екен,
Қадірхан боп тұрғанда,
Қарадан сүйреп хан қойған,
Өзіменен тен қойған,
Бір уәзір бар еді —
Есенкелді такылдақ,
Сөз сөйлеген такылдақ.
Топтан озған шешенді,
Көптен озған көсемді.
Жанына адам келмейтін
Түрі бөлек басқадан,
Ауыр қолды бастаған,
Қарадан шыққан бір жүйрік
Аяқты алыс тастаған,
Кәдірменен шамалас,
Талай жауды жасқаған.
Ақылға көп дана еді,
Озып туған басқадан.

Кем болмайды аруактан,
Құдай берген салмақтан,
Ол заманда хан шықты,
Қараман дейтін қалмақтан.
Қалмақ басы Қараман,
Бір күні үйінде жатады,
Тек күнәға батады,
Айдай сұлу бір қызбен
Мерекеге батады.
Осындай қалмақ түс көрді,
Таң ғажайып іс көрді,
Түсте көрген сұлуды
Қайдан іздеп табарын
Қиын-қыстау іс көрді.
Түсі де тура келеді,
Ойына алып күледі.
Кәдірханның еліне
Келіп-кетіп жүреді.
Түсінде көрді бір сұлу
Он сегізде жасы бар,
Қиылған қара қасы бар,
Ішетұғын сұлудың
Алуа, шекер асы бар,
Қолаң шашты, қой көзді.
Түймедейін басы бар,
Инжу, маржан аралас,
Мойнында алқа тасы бар,
Нұрдан туған заты бар,
Қолға ұстаған хаты бар,
Аты Бибі болса да,
Сүйіп қойған Кәдірдің
Ханбибі деген аты бар.
Түсінде қалмақ сүйеді,
Іші оттай күйеді,
Ояна келсе адам жоқ
Жанына қатты тиеді.

Қалмақтың ханы Қараман
Дүниеге көзін салмаған,
Ертеменен тұрған соң,
Беті-қолын жуған соң,
Көрмесіне сұлуды
Сабыр да сірә қылмаған.

Қараман бұл бір түсті көріп алды,
Түсім нешік болар деп қайран қалды.
«Өлсем де осы қызды іздеймін» — деп,
Қалмаққа жиылсын деп хабар салды.

Қалмаққа жиылсын деп жарлық салды,
Көп қалмақ хан жарлығын қабыл алды,
Әлденешік жұмысқа жұмсады деп,
Жиылып шаһар халқы келіп қалды.

Құдайым бізге берген қайғы салмақ,
Қиын ғой Қараманға мұнан қалмақ,
«Өлсем де Ханбибіні іздеймін» — деп,
Қасына жиып алды он мың қалмақ.

Жөнелді өңкей қалмақ барамыз деп,
Берсе қызын қолынан аламыз деп,
Сайманын қаруымен тегіс алды,
Бермесе еліне ойран саламыз деп.

Желігіп жау дегенде жөнеледі,
Басына ғашықтық кез келеді енді.
«Өлсем де Ханбибіні іздеймін» — деп,
Қараман он мың қалмақ жөнелді енді.

Жөнелді он мың қалмақ желдей есіп,
Қазақты қырамын деп ерегесіп,
Ханбибіні алман деген ойында жоқ
Келеді өңкей қалмақ әзілдесіп.

Сол шақта он мың қалмақ жақын келді,
Тілегін жау қалмақтың құдай берді.
Кәдірхан үйде ұйықтап жатыр екен
Қалмақты келе жатқан түсте көрді.

Олардың көз жетпейді қисабына
Қалмақтың қарай қойшы ғазабына.
Қадырхан ерте тұрып айтайын деп,
Жиыл деп жар салады қазағына.

Еш бәнде қайтып келмес өлгеннен соң,
Шара жоқ алла ісіне көнгеннен соң,
Кәдірхан ерте тұрып түсін айтты,
Жиылып шаһар халқы келгеннен соң:

— Қайран жұртым, хан жұртым,
Мен бір жаман түс көрдім,
Ол түсімнің ішінде,
Бір ғажайып іс көрдім.
Керегем менің кертүлі,
Кертіліп отқа жағулы,
Туырлығым менің тілулі,
Тіліп тоқым қылулы,
Кәдірхан деген ханыңыз,
Екі қолы байлаулы,
Алдына салып айдаулы,
Артқы өкшемді бастырып,
Жиылып келген қалмақтан
Сорым да менің қайнаулы.
Езу тартып күле алмай,
Хан қасына келе алмай,
Елін сонда сынайды,
Түс жоруын біле алмай,
Мындай ғана кісі екен
Ешбір адам айта алмай,
Кәдірханға бата алмай

Тұрып сонда қиналды-ай.
Есен келді Такылдақ,
Жүгіріп келді жақындап,
Азу тісі сақылдап,
Ханның түсін көрген соң,
Жамандықты білген соң,
Хан қасына келеді
Сөз айтқалы қақылдап.
— Ай, хан ием, хан ием,
Алтын басты ордамыз,
Сіз хан болып тұрғанда
Бағусыз еді малымыз,
Сіз хандықтан түскен соң
Шығар біздің жанымыз.
Бүгін жаман түс көрсен,
Түсінде жаман іс көрсен,
Он мың қалмақ келеді,
Тілегін алла береді,
Еркін дала, ең жұртың
Бір қыз үшін өледі.
Он мың үйлі оятты,
Қырық мың үйлі қиятты,
Қойға тиген бөрідей
Түс-тұсынан бөледі.
Шеру тартқан көп қалмақ
Атпен саулап желеді,
Қарсы алдында Қараман,
Қалмақтан асқан ер еді.
Әрі батыр, әрі хан,
Азулы көкжал бөрі еді.
Алдынан адам бармаса,
Шаһарға келіп енеді.
Қиын да болса айтайын,
Ханбибідей сұлу қыз
Сонынан соның ереді.
Ай, Кәдірхан, Кәдірхан.

Жасында болдын батыр хан,
Айтканыма менін нақыл-ды;
Ұнатушы ен мақұлды,
Көп торықпай қам қылшы,
Алты-ақ күндік жолы бар
Жау арасы жақын-ды.
— Жасымнан жолдас Такылдақ
Сөз сөйледін такылдап,
Қалмаққа қарсы баратын.
Жауды тосып алатын,
Мыңға балап бір өзін
Ұран сап жауға шабатын,
Лапылдаған қалмақтың
Басына қайғы салатын,
Жалпақ елді аралап,
Қалың жұртты саралап,
Кімді көрдің Такылдақ
Айтшы маған даралап.
— Ай, тақсыр хан, өлгенше,
Бұл бәлені көргенше,
Айтқанымды ұнатсан
Мен айтайын ақылды.
Мінген аты Қаракөк,
Жалғыз сенің ұлын бар
Оның аты Қарабек,
Соның өзі жас бала,
Ойынменен мас бала,
Күш қайраты әшкара.
Сірә бір соған айталық,
Жиылып келген қалмақты,
Қырып та жойып салады,
Сол жас бала масқара!
— Ай Такылдақ, Такылдақ,
Қасыма келші жақындап!
Өтірік айтсаң өлгенің,
Алты жасар жас бала

Қашан сынап білгенің?
— Ай тақсыр хан, айтайын,
Айтпай енді қайтейін,
Белін де қынай бұған-ды,
Жақсылық жолды қуған-ды,
Жалғзыңды сынап ем,
Хан туын ұстап тұрғанда.
Екісіне келгенде
Бесікте жатып ойнаған,
Үш жасына келгенде,
Жай гасындай жайнаған.
Алты жасқа келгенде,
Атасынан жасырып,
Алысқа малды айдаған.
Болар деп керек бір күнге
Алмас қылыш, көк сүңгі
Сауыт, сайман сайлаған.

Такылдақ бұл бір-сөзді айтып салды,
Өлімге басын сонда байлап алды.
Асық ойнап жай жүрген жас балаға,
Шақырған әкесінен хабар барды.

Үзегі айтып салды гүл-гүл жайнап,
Өтірік болса, өлімге басын байлап,
Әке менен шешеді ісі бар ма?
Жалғыз ұл жүрген екен асық ойнап.

Жалғызды шақыр деген хабар жетті,
Жарлығын әкесінің қабыл етті,
Жаратқан баршамызды жалғыз алла,
Беріпті тілеген сон бір перзентті.

— Ай әке, неге қашып түсін кетті,
Айтсайшы әлдекімге болдын кекті.

— Ай балам, бүгін жаман бір түс көрдім,
Сол түстен қорыққаннан есім кетті.

Бір құдай өз басыма қайғы салды,
Қайғымнан ішім күйіп, сыртым жанды.
Мен жыламай қайтейін, жалғыз балам,
Қараман қалмақ ханы апанды алды.

— Дүние ажал жетіп өлмесек те,
Жұлдызға қол жетпейді сермесек те,
Апамды мұндар қалмақ қайтып алар?
Ол итке қолымыздан бермесек те?!

— Кейінгі балаларға жол салады,
Жалғзым саған құрбан кім болады?
Елінде батыр туған тірі жан жоқ
Алдынан қалмақтардың кім барады?

— Әй әке, қалған елге жол салайын,
Жалғзын саған құрбан мен болайын,
Ұлықсат фатиханды берсең маған
Алдынан он мың қалмақ мен барайын.

— Бұл сөзді шын айттың ба, жаным балам?
Жаратқан жалғыз қылып хақ тағалам.
Мен сені елім үшін жіберер ем,
Жүреді қайтіп шыдап ғаріп анаң?

— Жыласын анам сорлы менің үшін,
Өзім құрбан болайын сенің үшін,
Алтын, күміс елінді қырдырғанша,
Жалғыз мені құрбан қыл елің үшін.

— Мінезіңнен таба алмадым бұзығыңды,
Қалам менен хат таныған сызығыңды.
Қасыма бір күн ғана жатып кетші,
Көрейін таң атқанша қызығыңды.

Ұлықсатты әкесі беріп салды,
Қой мойынды құланы ұстап алды,

Шаһарына білдіріп батырлығын,
Қалмаққа соғысам деп жалғыз барды.

Ажал жетсе сол жерде өлмек болды,
Соғысып жау қалмақты көрмек болды,
Жауына қарсы шығып апасымен
Сол жерде өліп кетсе бермек болды.

Жылайды ата-анасы от боп жанып,
Бір сүйген жоқ шешесі мейірі қанып,
Қызығыңды бұл түнде көреміз деп,
Жатыпты ата-анасы ортаға алып.

Екеуі алып жатты күн батқан соң,
Шешесі зар жылайды сөз қатқан соң,
Барам деп енді жауға тұра келді
Жас бала талаптанып таң атқан соң.

— Мен көрдім әке-шеше атқан танды,
Қырар ма бір қыз үшін бүкіл жанды.
Қызықты жас күнімде бір көрейін,
Бере көр маған, әке, фатиханды!

Баласы мініп алды құлаша атты,
Шешесі кете ме деп көзін сатты.
Тоқтатар шарасы жоқ бишараның,
Беріпті жалғзына ұлықсатты.

Қарабекті сұрасаң,
Ертеменен тұрады,
Беті-қолын жуады,
Белін де қынай буады,
Әке менен шешеден
Рұқсатты сұрады.
Рұқсатты берген соң,
Алла ісіне көнген соң,

Кой мойынды қуланы
Ерттегелі келеді.
Басына жүген киген соң,
Ер-тоқымын салған соң,
Төс айылын бос тартты,
Артқы айылын бек тартты;
Құйысканын қысқартты,
Ер қаруын қоса артты,
Амандасып елменен,
Туып өскен жерменен,
Қалмаққа қарай жөн тартты.
Өрге таман қарысты,
Ұшқан құспен жарысты,
Құлаша аттай тұлпардың
Бүйірі қызып алған соң,
Ауыздыққа күш бермей,
Тізгінімен алысты.
Жас баланың жоқ екен
Көп найласы, кінәсі,
Сиынып шыққан бабасы —
Әкесінің батасы,
Сонан басқа жоқ екен,
Бұл баланың жолдасы.
Қарап тұрар көрген жан
Қарабектің жотасын,
Мінгестіріп келеді
Ханбибі сынды апасын.
Атына қамшы басады,
Көңілі судай тасады,
Тұлпар туған, Құлаша ат
Аяғын топ-топ басады,
Аузынан жануар
Қанды көбік шашады.
Бір айшылық жол екен,
Қараша таудың қасынан,
Тасбұлақтың басынан,

Алты күнде асады.
Көрінер қалмақ қолы деп,
Келетұғын жолы деп,
Кідіріп сонда тосады.
Қараша таудың қасы деп,
Тасбұлақтың басы деп,
Қалмақ ердің жолы деп,
Түскеннен соң сол жерде
Саспай тағам асады.
Алты жасар баланың,
Сұрасаныз айтайын,
Қас батырдай мүшесі-ай.

Жалғыздыққа қарамай,
Жау алдынан барады-ай
Жауда бір қашан келер деп,
Жау алдынан қарады-ай.
Көрсетпен деп ол жауға
Сайлап қойды садақты,
Қарағай сапты сүнгісін
Тікесінен қадапты,
Кезекті күн жақын деп,
Ат құйрығын тарапты.

Дәурен жоқ өткеннен соң, сірә, мұндай,
Тілеуін берсін ердің жаппар құдай.
Жау дегенде жас бала талаптанып,
Тұрыпты ұйықтамастан бір жеті ұдай.

Сол шақта он мың қалмақ жақын келді,
Тау басында бір тұрған қара көрді.
— Не болса да бұл жерге алып кел, деп,
Қараман жеті кісі жұмсайды енді.

— Адам болса сонынан қалмалық-ты,
Малы болса ұстап алмай қоймалық-ты.
Не болса да әкел деп жарлық қылды,
Жол болар, мылтығымыз қандалып-ты.

Ол таудың қалың тоғай панасы бар,
Қайғылының көкірегінде санасы бар,
Жіберген жеті кісі жетіп келді,
Ішінде Сары сыншы баласы бар.

Жұмсаған Қарабекке жетеу келді,
Ұйықтап жатқан жалғызды көзі көрді,
Шалқасынан бір бала ұйықтап жатыр
Баланы өлтіруге батпады енді.

Мылтығымен баланы атпайды енді,
Қолынан барып тағам татпайды енді.
Ол баланың нұрлы көркін жаңағылар,
Тамсанып Қараманға айтады енді.

— Ұйықтап жатыр екен бір бала ғаріп,
Ұйқыменен мас болған ол сандалып.
Жетеуі Қараманға сөзін айтты:
— Батпаймыз өлтіруге қайта барып.

— Ей Қараман, Қараман!
Жарлығынмен барамын,
Сенің тілің алсам мен,
Бір бәлеге қаламын.
Соғыспалық, қайталық
Жалғыз жүрген баламен.
Ерлігін соның сынасам,
Келбетіне қарасам,
Оқ жыландай түсі бар,
Оң қолына қарасам,
Мын кісінің күші бар,
Соныменен соғысар,
Бізде қандай кісі бар?
Кеудесіне қарасам,
Құдай берген күші бар.
Топалаң тиген қойдайын

Қыратұғын ісі бар,
Мұрнына соның қарасам,
Зімиян-зындан үнгірден
Шығып та жатқан түтін бар,
Көзіне соның қарасам,
Қауданға тиген өрттейін,
Жалындай жанған оты бар.
Мінген аты Құлаша,
Оның өзін қарасам,
Кәдірханның баласы,
Оның аты Қарабек,
Соның өзі жас бала,
Ойыменен мас бала,
Күш-қайраты әшқара.
Тілімді алсаң тимелік
Он мың ауыр қолыңды,
Қолың түгіл, еліңді,
Талқан қылып жеріңді
Қырып ойран қылады,
Сол жас бала — бас бала.
Айтқаныма болмасаң,
Менен де көрме, Қараман,
Өз бетінменен қырылшы!
Ұрысар менің шамам жоқ,
Ер туған ондай адам жоқ;
Айтқан сөзге нанбасаң
Босқа болмай арам тер,
Қараман өзің барың көр.
Мына жатқан жас бала,
Бір жасына келгенде
Белгілі жігіт бұл болар,
Екі жасына келгенде
Елеулі жігіт бұл болар,
Үш жасына келгенде
Үшкілдеп жейде бұл киер,
Төрт жасына келгенде,

Төсекте жатпас ер болар,
Бес жасына келгенде,
Белгілі батыр бұл болар,
Алты да жаска келгенде,
Адуын атқа мінетін,
Айқайлап жауға тиетін,
Шар болатты киетін,
Кан майданды сүйетін,
Атса мылтық өтпейтін,
Шапса кылыш кеспейтін,
Бір тәнірден баскадан,
Қарғысы бұған жетпейтін,
Қарсыласқан қас жауын,
Түбіне жетер бас жауын,
Қарабек бала бұл болар.
Астына мінген Құла аттын,
Семіздігін сұрасан,
Қабырғасы екі елі,
Қашқанда қоян шекелі,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Танауының тесігі,
Таудағы үңгір тесіктей,
Қиған қамыс құлақты,
От орнындай тұяқты,
Жер тарпынып алысып,
Жау іздеген сияқты.
Үстіндегі жас батыр,
Мын сан қолға бас батыр,
Екі де қолы келіпті
Тізгінімен қарысып,
Көдеменен жарысып,
Астындағы Құлаша ат
Ауыздықпен алысып,
Батырға әбден жарасып,
Талай таудан әрі асып,

Үш айшылық ұзын жол,
Қараша таудың қасына,
Тас бұлақтың басына
Үш күнде кепті таласып.
Ат жүрісін сұрасан
Жүрісі оның құйындай,
Үстіндегі батырды,
Көрмейді тіпті бұйымдай.
Жүрісі жайлы бұл аттың,
Жорға туған құлындай,
Жануардың бағасы,
Бір тайпы елдің құнындай,
Бұған жетер жүйрік жоқ,
Есіне алшы Қараман,
Жүр қайталық есенде,
Бір бәлеге ұрынбай,
— Ай Қараман, Қараман,
Қызметіне талай жарағам,
Бұл жұмысқа қинама,
Қинасан да жараман.
Түсінен мен шошыдым,
Жас екен деп қараман.
Оятпай қайтып кетелік,
Болмаса тобына тиеді,
Бөріккен қойдай қылады,
Қуып жүріп қырады.
Батыр емес жауын санаған
Айтқанымды алмасаң,
Сөзіме құлақ салмасаң,
Орынсыз қырсаң қолыңды,
Болдырмасаң жолыңды,
Бас кескен де айтайын
Хан деп сені санамаң.

Қараман мына сөзді есітіп алды,
Сөзіне жетеуінің ашуланды.

«Өзім барып, сол итті өлтірем» деп,
Үстіне тел күреңнің мініп алды.

Жөнелді мұндар қалмақ желдей есіп,
Қызықты қылайын деп басын кесіп,
Астына тел Күреңін мініп алып,
Мұндарын келе жатыр ерегесіп.

Жалғанда қорқар емес дені саудай,
Келеді қырайын деп қазақ жаудай,
Зор екен адамзаттан мұндар қалмақ,
Көрінді көлеңкесі кара таудай.

Жер болар өлген адам көмгеннен соң,
Тұрмайды көкірегі семгеннен соң,
Құлаша атқа тіл берді сөйлерге енді
Зорлығын жау қалмақтың көргеннен соң,
Шешілді аяғының байлағаны,
Жақсылық иесіне ойлағаны,
Баланы ұйықтап жатқан оятуға
Құлаша ат тіл берген соң сайрағаны:

— Ай Қарабек, Қарабек,
Сен кеткен соң дүниеде,
Мен сорлыға пайда жоқ,
Тұрғын, бала, тұр-сана!
Мойныңды маған бұр-сана?
Жатар болсаң бишара,
Мұнан да басқа дала көп,
Тұр-сана, бала, тұр-сана.
— Ай, Қарабек батырым!
Мінген атың мен болсам,
Сенген ием сен болсаң,
Басына қысым іс келді.
Зарланбасам болмас-ты,
Басың көтер, Қарабек,

Ат дегенде мінгенін
Қарабек сенін Қаракөк.
Ақыл тапсаң қалмаққа,
Ер жеткен соң келерсін,
Өліп кетсең бұл жерде
Қайрылар сенін халқын жоқ:
Алдында сенін аған жоқ,
Артында сенін інін жоқ.
— Менің жайым білуші ең,
Шыған ағаш ішінде
Жайылып жатқан жылқы едім.
Үш жыл ұдай қысырап,
Жалғыз бие тумаған,
Барлық ене «құлын» — деп
Кісінесіп шулаған.
Сол жылқының ішінде
Жалғыз құлын мен едім,
Бес енеге тел едім,
Емер сүтке мол едім,
Тайымда мен тағы емдім,
Құнанымда арда емдім,
Дөненімде үйреткен,
Жібектен арқан сүйреткен,
Бестімде мені алдырып,
Бес бедеуге салдырған,
Алтымда мені алдырып,
Алпыс құлан қайырған,
Жетімде мені желдіріп,
Жетпіс құлан қайырған.
Тоғызымда толғанмын.
Ат секілді болғанмын.
Онымда келген бір жауға
Айғай салып Қарабек,
Кел үстіме мін-сана,
Желігіп жауға ти-сана.
Қарабектей батырды,